

БӘРЕКЕЛДІ!

Әріптестер
мерейі

Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Сайлау науқанында көптің алдында жүріп, айшылық алыс жерлерден жылдам хабар таратқан журналистердің еңбегін айтпасқа болмас. Облыс әкімінің орынбасары Ербол Әлікұлов өңірдегі біршама журналистке Қазақстан Республикасы Президентінің Алғыс хатын табыстады. Бұл қатарда әріптестеріміз де бар.



Ел Президентін сайлау науқанына дайындық және оны өткізу жұмыстарына қосқан елеулі үлестері үшін әріптестеріміз, «Индустриальная Караганда» газетінің тілшісі Фархат Кинжитаев пен «Life 09» ақпараттық порталының жетекшісі Аяжан Кеңесбек марапатталды. Әріптестерімізге зор денсаулық, бақ-береке тілей келе, еңбектеріңіз жана берсін демекпіз!

ҮКІМЕТ САҒАТЫНДА

Құрылыс
материалы
қымбаттады

Сағыныш ӘБІЛ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Күнделікті тұтынатын азық-түлік қана емес, құрылыс материалдарының бағасы да 50%-ға қымбаттаған. Баға тұрақсыздығына әсер ететін бірден-бір фактор – импорт. Бұл жөнінде Сенатта өткен Үкімет сағатында айтылды.

– Есеп комитетінің мәліметі бойынша, құрылыс нысандарының сметалық құжаттамасында тұрғын үй құнының 65 пайызын құрылыс материалдары құрайды. Сондықтан нарықтағы кез келген ауытқу, құрылыс саласының дамуы құрылыстың құнына ғана емес, тұрғын үй құрылысының қарқынына да тікелей әсер етеді,– дейді Сенат депутаты Серік Шайдаров.

Бұған себеп – өңдеуші кәсіпорындардың жеткіліксіздігі. Ағымдағы жылдың қантар-ақпан айларында құрылыс материалдарының импорты 3%-ға өскен. Сондай-ақ, қаптама керамикалық кірпіш, бетон бұйымдары, силикат, порландцемент, құрама құрылыс конструкциялары өндірісі төмендеген.

Сенатор 2025 жылға дейін құрылыс жобаларын іске асыратын Жол картасының бекітілгендігін айта келе, 157 жобаның жоспарланғандығын жеткізді.

«ӘДІЛЕТТІ ҚАЗАҚСТАН»

Ерсін МҰСАБЕК,
«Ortalyq Qazaqstan»

Иә, бүгін 20 қарашадағы кезектен тыс Президент сайлауында айқын басымдықпен (81,31%) жеңіске жетіп, сенім мандатын иеленген Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевты ұлықтау рәсімі өтеді. Сөз жоқ, бұл – сенім салтанаты!

Сонымен, санамызды сергітіп, сенімді серпілтіп, сайлау да мәреге жетті. Кім жеңді? Кім жеңілді? Сенім жеңді, сәулесіз сәуегейлік жеңілді!

Жасыратыны жоқ, сайлау қарсаңында қоғамдық пікір қак жарылды. Еліміздегі «оппозициялық блок» саяси додаға түскен Қасым-Жомарт Кемелұлынан басқа үміткерлерді «биліктің өз таңдауы» деген сыңайдағы сыңаржақ пікірі қарапайым сайлаушылар көңіліне күдік ұялатқаны да шындық. Солай бола тұра, олар Қасым-Жомарт Тоқаевтың тұлғалық қасиеттері мен көшбасшылық қабілеттеріне нұқсан келтірер өткір пікір айта алмады. Неге? Себебі, Мемлекет басшысының көшбасшылық харизмасы – әлемдік деңгейде де, халықтық сипатта да мойындалған даралық еді.

Сондай-ақ, дауыс беру нәтижелері кейбір саяси сәуегейлердің сайлау бюллетеніне енгізілген «Бәріне қарсымын» бағаны бойынша жасаған болжамдарын да жоққа шығарды. «Электораттың жартысынан көбі «Бәріне қарсымын» бағанына белгі соғады да, сайлау заңсыз болып есептеледі», – деп жалаулатқандар жерге қарады.

Алаш көсемі Әлихан Бөкейхан «Ұлтқа қызмет ету – білімнен емес, мінезден» демеппе еді?! Тұлғаның мінезі, көшбасшының көрегендігі ұлы мұратқа ұмтылған тарихи тәуекелдерге бастайды. Ел тарихындағы екінші Президент ретінде үш жарым жыл тізгін ұстаған Қасым-Жомарт Кемелұлының кезектен тыс сайлау өткізу туралы шешімі де – тарихи тәуекел. «Бүгінде әлем санкциялық қысым әдістері, негізгі жаһандық мәселелерді шешуде кереғар тәсілдер алдыңғы қатарға шыққан күрделі халықаралық жағдайдың шиеленіскен қауіпті кезеңіне қадам басты», – деп, Президенттің өзі айтпақшы (Шанхай ынтымақтастық ұйымының Самарканд Саммитінде сөйлеген сөзі), әлемдегі геосаяси ахуал күрделеніп тұрған кезеңде сайлау өткізудің қаншалықты тәуекел екенін ойлаудың өзі – ауыр. Халықаралық ахуалға қатысты мемлекеттер арасындағы импорт алмасу жүйесі кедергілерге тап болып, нарықтағы баға халықтан алшақтап бара жатыр. Инфляция ырыққа көнер емес. Мұның барлығы халық наразылығын тудырып, «Қасіретті қантар» оқиғасы қайталанып кетуі мүмкін деген пікірлер де бой көтере бастаған. Осынша қатердің жолын кесіп, қаймықпай жасалған тарихи тәуекелдің қайтарымы – елдің жарқын болашаққа жасаған нық қадамы. Қазақстан халқы өз таңдауы арқылы жана дәуірге қадам басты! Ашық сайлауда еркін таңдау жасау арқылы өз Президенттерін сайлап алды.

ВИЦЕ-МИНИСТРДІҢ ЖҰМЫС САПАРЫ

Жаңа форматтағы сауда – уақыт талабы

Қызғалдақ АСҚАРҚЫЗЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Қарағанды облысының даму әлеуеті зор. Аймақта бизнестің белсенділігі жоғары. Он айда тіркелген әрекеттегі шағын және орта бизнестің саны 12 пайызға көбейген. Бұл туралы Қарағанды облысына жұмыс сапарымен келген Сауда және интеграция бірінші вице-министрі Арман Шаққалиевке бизнес қауымдастық өкілдерімен кездесуде мәлімделді.

Жалпы, 10 айдың көрсеткіші облыс экономикасының сауда айналымындағы үлес 10 пайызға өскенін көрсетеді. Бизнесіте облыс тұрғындарының 42 пайызы, яғни, 220 мың адам еңбек етеді.

➡ 2-бетте



дағы импорт алмасу жүйесі кедергілерге тап болып, нарықтағы баға халықтан алшақтап бара жатыр. Инфляция ырыққа көнер емес. Мұның барлығы халық наразылығын тудырып, «Қасіретті қантар» оқиғасы қайталанып кетуі мүмкін деген пікірлер де бой көтере бастаған. Осынша қатердің жолын кесіп, қаймықпай жасалған тарихи тәуекелдің қайтарымы – елдің жарқын болашаққа жасаған нық қадамы. Қазақстан халқы өз таңдауы арқылы жана дәуірге қадам басты! Ашық сайлауда еркін таңдау жасау арқылы өз Президенттерін сайлап алды.

Ал, еліміздің алдағы жеті жылдағы тағдыры қалай болмақ? Сайланған Президентіміздің үш блок, 18 бағыттан тұратын сайлауалды бағдарламасында Әділетті Қазақстанның берік ұстанымы, байсалды бағыты, даму мүмкіндіктері толық қамтылған. Ел сеніміне айрықша серпін берген бағдарламаны жүзеге асыруға Қасым-Жомарт Кемелұлының көшбасшылық һәм тұлғалық қасиеттері толық жауап бере алатынына да еш күмән жоқ.

Тәуелсіз Қазақстанның ұлттық дипломатиясын қалыптастырушы саясаткер ретінде Қазақстан Президентінің әлемдік арена-

дағы абырой-беделі, әлемдік дау-дамай сәттеріндегі бітімгерлік саясаты туралы аз айтылып, кем жазылып жатқан жоқ. Тұлғаның бұл қасиеттерінің елде әділетті экономика орнықтыруға қауқары жете ме? Мәселе – осында. Ал, әлем саясаттанушылары қалыптастырған көшбасшылық теориясы талаптары негізінде салмақты сараптама жүргізген сарапшылар алдағы жеті жылда Қазақстан дамуың жаңа сатысына көтерілетінін және ел Президентінің тұлғалық қабілеті мен қарымы сонша жауапкершілікті еркін еңсереітінін айтады.

Шынымен де, тәуелсіз сарапшылар осы сайлаудағы Тоқаев жеңісінің күмәнсіз болатынын алдын ала болжаған. Қарапайым халықтың Мемлекет басшысына деген сенімі орасан болғанын да айтады. Бұл сенімге Қасым-Жомарт Кемелұлының соңғы үш жылда атқарған еңбегі мен қолға алған реформалары негіз болғаны белгілі. Игілігін тұтас қазақстандық қоғам көріп, сырт көз мойындаған өзгерістер өрлеудің нақты жолын айқындап отыр.

Бұл жерде Мемлекет басшысының салқынқанды саясаткер екеніне де тоқтала кетуіміз керек. Мәселен, қантар оқиғасы

кезіндегі шешімталдығының өзі ешқандай эмоциясыз талай күрмеуі күрделі мәселелерді шешіп тастағанын сіз бен біз көзбен көрдік. Кешегі сайлаудан кейінгі өзінің штабында өткен кездесу кезінде де сабырлы қалпынан ажырамаған күйі: «Халықтың сенімі – бұл ең құнды нәрсе. Сондықтан, халықтың сенімін бәріміз ақтауымыз керек. Бүгін, міне 21 қарашадан бастап бәріміз жұмысқа кірісуіміз қажет», – деп, өз мойнындағы тарихи жауапкершілікті жан-тәнімен сезінуінің өзі көп жағдайды аңғартса керек.

Жалпы, сайлау алдында да, сайлаудан кейін де оппозициялық топтар тарапынан бұра тартып, бұғалық үзер әрекеттің байқалғанын бәріңіз де аңғардыңыздар. Мұның астарында сан-саққа жүгірген қоғамдық пікірдің арынын басқан мойындау құбылысының жатқаны белгілі.

Сөз түйінінде өз дәуірінің тыныс-тіршілігіне налыған ұлы Абайдың «Единица болмаса, не болады өңкей нөл» дегені ойыма оралып отыр. Осы бір ордалы ойының тұжырымында «Билемесе бір кемел», – деді хакім. Бізде единица да, кемел тұлға да бар. Оған кешегі сайлаудың нәтижесінде көз жеткіздік. Халықтың сенімі салтанат құрды.



Баспасөз – 2023

Санаттар	Жеткізусіз	«Қазпошта» АҚ қала (теңге)	«Қазпошта» АҚ аудан/ауыл (теңге)
Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін		6 ай 5848,50	5919,00
Жеке жазылушылар үшін	12 айға 4116	12 ай 11697,00	11838,00
		6 ай 3100,50	3111,00
		12 ай 6201,00	6222,00

25 қазаннан 25 қарашаға дейін жеңілдікті тарифтер (бір жылға жазылу шартымен)

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

Облыстық «Ortalyq Qazaqstan» газетіне 2023 жылға жазылу науқаны жүріп жатыр. Газетке жазылуды «Қазпошта» АҚ пошта байланысының барлық бөлімшелерінде, Ермаков көшесі, 33-үй, 8-қабат мекенжайы бойынша редакцияда рәсімдеуге болады.

Газетке 6 айға және бір жылға жазылуға болады.

Анықтама телефоны: 8 771 528 86 46, 8 702 656 70 61
E-mail: otdel.pochtovyy@bk.ru

Санаты	Жеткізусіз	«Қазпошта» АҚ каталогымен қала бойынша	«Қазпошта» АҚ каталогымен аудан/ауыл
Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін		10257,00	10470,00
Жеке жазылушылар үшін	3492	5577,00	5706,00

«Қазпошта» АҚ каталогы бойынша 12 айға жазылу бағасы: Назар аударыңыз!

«Ortalyq Qazaqstan» газеті редакциясында баспа бағасы бойынша (жеткізу қызметтерінің құнынсыз) балама жазылу жүргізіледі.



Жаңа форматтағы сауда – уақыт талабы

(Соңы. Басы 1-бетте)

Бизнесе облыс тұрғындарының 42 пайызы, яғни, 220 мың адам еңбек етеді. Кездесуде айтылғандар алдағы уақытта ескеріліп, бизнестің дамуына, жалпы халықтың әлеуметтік ахуалын жақсартуға ықпал етуі тиіс. Осы орайда вице-министр министрлік тарапынан атқарылып жатқан жұмыстарға тоқталды.

– Сауда және интеграция мәселесі, баршаңызға мәлім, қазіргі таңда күрделі жағдайды өткеріп отыр. Әуелі пандемия, ендігі кезекте геосаяси ушығулар орын алып жатыр. Мұның бәрі сауда-саттық легіне ықпал етеді. Негізгі кілттік сауда бағыттары қиындықтарға тап келгені аян. Ол – Еуропа-Ресей, АҚШ-Қытай бағыттары. Бұл екі беілдеудің сауданың басым бөлігін алады. Осыған байланысты біздің алдымызда уақыт талаптарын ескеріп, балама жолдарды іздеу міндеті тұр. Тауарларымыздың экспортқа кедергісіз шығып, импорттың түсуін қадағалауымыз қажет. Бұның басымдық иеленген бірқатар елдермен ірі сауда байланыстарды ұйымдастыруға да қатысы бар. Мәселен, 2025 жылға дейін елдегі шикізаттық емес экспорт көлемі 41 млрд. долларды құрауы тиіс. Бұл орайда біздің сауда-саттықтағы серіктестердің ондығында бірінші кезекте Еуропа, Ресей, Қытай, алыс және жақын шетелдер – Өзбекстан, Түркия, Иран елдері бар, – дейді Арман Шаққалиев.

Сонымен қатар, вице-министр азық-түлік қауіпсіздігі мен оның тапшылығын болдырмаудың да қазіргі таңда өзекті екенін атап айтты. – Маусымаралық кезеңде біз тауарлық инвентаризация жасауға тиіспіз. Бағаны түсіру үшін оның кем дегенде қолда 30 пайыз қоры болуы керек. Ауыл шаруашылығы тауарларын сатып алудың тәсілдерін қарастырып, несие құралдарына қолжетімділік қамтамасыз етілуі керек.

Сонымен қатар, сауданың заманауи форматын дамыту да тұр күн тәртібінде, – деді Арман Шаққалиев.

ев.

Заманауи форматтағы сауда-саттықтың үлесі елде 31 пайыз. Басқа елдерде көрсеткіш 85 пайызға дейін екен. Қазақстан 2027 жылдың соңына дейін 70 пайызға жетуді көздейді.

– Қарағанды облысында заманауи форматтағы сауданың үлесі 45 пайыз. «Global City» көтерме-бөлшек сауда орталығын көрдік. Бұл – орталық заманға сай, азық-түліктің сапасы мен сақталуын қамтамасыз етеді. Негізі, қоймаларда азық-түлікті сақтауда оның технологиясы қатаң қолданылуы шарт. Әйтпесе, азық-түліктің 40 пайызы жарамсызданып, күйіп кетуі мүмкін. Біз бүгін Қарағандының қоймаларда азық-түлік сақтау тәжірибесін өзге өңірлерге ұсынуға келісімге келдік. Әрбір облыс орталығында дәл осындай қуатты 2-3 көтерме-бөлшек сауда орталығы ашылуы тиіс. Бұл қоймалар «А» сыныпты.

Ішкі нарықты сақтау – маңызды. Бұл – біздің министрліктің міндетінің бірі. Жүргізілген талдаулар Қазақстанның импортқа жұмсайтын қаржысы АҚШ-пен пара-пар екенін көрсетті. Алайда, штаттар секілді бай мемлекет емеспіз. Өзбекстан, Түркия елдері өз өнімдерін тұтыну арқылы 80 пайыз қаражаттың ел ішінде қалдырады, – деді Арман Шаққалиев.

Кездесу барысында кәсіпкер Төлеген Әшімов құрылыс саласындағы үйдің қымбаттығы құрылыс материалдарына байланысты екенін атап, Ресейден келетін құны ұдайы бөренелерді жеткізу туралы айтты. Кәсіпкердің сөзіне сүйенсек, баспанадағы негізгі баға құраушы фактор – құрылыс материалдары. Ол үй құнының – 70 пайызы.

– Мысалы, мемлекеттік құрылыста бөренеге 60 мың теңге салынса, біз Ресейден кемі 140 мың теңгеден аламыз. Осы арада неге ресейлік бизнесмендермен, өндірістермен бүгін бөренені сату туралы келісім жасамасқа? Егер бүтіндей сатса, ағаш өңдеу ілгерілеп, ішкі нарықта бағаны бақылауға қандай да бір септігі тиер еді. Бұл – тұрғын үй

бағасын арзандатады. Мен мысалы үшін бір ғана құрылыс материалы желісін атадым. Меніңше, Ресей өндірушілерімен келісімге келуге мүмкіндік бар, – дейді Төлеген Әшімов.

Вице-министр бұл орайда Қазақстан үшін квота бөлінгенін, дегенмен, бүгінде оны шығарып әкеліп, жеткізуде қиындықтар барын атады.

– Келесі аптада Орынборда кездесу өтеді. Сонда министр бұл мәселені көтереді, – деді Арман Шаққалиев.

Саран қаласының бизнесмені Владимир Алексеров банк жүйесіндегі кедергілердің бизнес тынысын ашуға кедергі келтіретіндігіне шағымданды.

– Біздің компания 10 жылдан бері жұмыс істейді. Тақыр жерден бизнес бастап, 150 жұмыс орнын аштық. Үш бағытта 550 тауар түрін шығарамыз. Өмірімізде, 10 жылда бірінші рет несие рәсімдеуге тырыстық. Бір жылдан бері сол несие ала алмай келеміз. Қажет кезінде банктерден несие алу мүмкін емес. Сондықтан да несие берудің қатаң түрде реттелуін сұраймыз. Қазіргі күнде банк коммерциялық құрылым ретінде өздерінің шарттарын ұсынып отыр. Ресейде банктер өндірістің соңынан жүгірсе, бізде керісінше, өндіріс орындары банктердің соңынан жүреді, – дейді кәсіпкер.

Ұн комбинатының басшысы Дос-Мұқасан Тәукебаев ұнды экспорттаудағы кедергілерді жою туралы ұсыныстарын жеткізді. Қосымша құн төлеуге, экспорттауға қатысты көлік шығындарын субсидиялауға, бидай экспортына шектеу қоюға, теміржол тасымалындағы вагондардың жетіспеушілігіне қатысты мәселелер көтерілді.

Өз кезегінде Арман Шаққалиев айтылғанның ешбірі ескерусіз қалмайтынына сендірді.

Суреттерді түсірген
Еркебұлан ХАДЫЛБЕК

• ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕС ОТЫРЫСЫ

Бұқаралық спорттың бұйымтайы көп



Биыл бұқаралық спортты дамытуға облыс бойынша 3 млрд. 246 млн. теңге қаржы бөлінді. Оның 1 млрд. 346 млн. теңгесі қала мен аудандарға тиесілі. Бұл туралы Дене шынықтыру және спорт басқармасының басшысы Темірхан Абылаев облыс әкімі Жәніс Қасымбектің қатысуымен өткен қоғамдық кеңес отырысында мәлімдеді. Сондай-ақ, кеңесте шағын қала мен ауылдық жерлердегі спортты дамыту мәселесі мен спорт нысандарын қаржыландыру жолдары талқыланды.

Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

ӨНІРДЕ СПОРТ НЫСАНДАРЫ ЖЕТКІЛІКСІЗ

– Бұқаралық спортты дамытуға әсер ететін негізгі жобалардың бірі – мемлекеттік спорттық тапсырыс. Спорттың 26 түрінен 173 секция ашылып, онда 8 961 бала тегін жаттығуда. Жыл басынан бері осы жобаға 1 млрд. 919 млн. теңге бөлінді. Қазіргі таңда облыста 2 782 спорт ғимараты жұмыс істесе, оның 980-і ауылдық жерлерге тиесілі. Облыс бойынша соңғы үш жылда құрылыс қарқыны өте жақсы жүргізілсе де спорт нысандарына қажеттілік әлі де байқалады, – деді Темірхан Абылаев.

Қазір өңірге жеті спорт кешені мен 25 метрлік 72 бассейн қажет. Ал, Ақтоғай, Бұқар жырау, Осакаров, Шетпен Қарқаралы ауданында бассейн мүлдем жоқ. Жасанды жабыны бар 132 спорт алаңы, 88 көпфункционалды хоккей корты мен 406 стрит-воркаут алаңы қажет. Жыл соңына дейін қала мен аудандарда 85 ашық спорт алаңының құрылысы жоспарлануда.

– Жыл сайын қала мен аудандарда спорт алаңы мен хоккей корттары бой көтергенімен, олардың басым бөлі-

гінің меншік иелері анықталмай, иесіз қалып отыр. Бұл мәселені бірнеше мәрте көтерсек те, күні бүгінге дейін толық шешімін таппай келеді. Мәселен, облыстағы жасанды төсеніші бар 383 спорт алаңының тек 230-ның ғана меншік иесі бар. Ал, 205 хоккей кортының – 126-ында, 43 стрит-воркаут алаңының – 29-ында ғана меншік иелері бар. Жалпы алғанда 631 ашық спорт алаңының 385-нің меншік иесі жоқ. Қала мен аудан әкімдері спорт алаңдарының балансы ұстаушыларын анықтау бойынша жұмысты жандандырып, толықтай жүзеге асыруды қамтамасыз етуі қажет. Себебі, иесіз спорт алаңы мен хоккей корттары лайықты деңгейде күтіп ұстау үшін бюджеттен қаржы бөлінбейді, – деді басқарма басшысы.

КӨКПАРДАН КӘСІБИ КЛУБ ҚҰРЫЛАДЫ

Қоғамдық кеңес отырысында ұлттық спорт түрлері де жан-жақты талқыланды. Облыста тоғызқұмалақ, саят, бәйге, жекпе-жек, қазақ күресі, асық ату, теңге ілу, аударыспақ, көкпар, жамбы ату сынды спорт түрін дамыту қолға алынуда. Нәтижесінде ұлттық спорт түрімен шұғылданушылардың саны 45 311 адамға жеткен.

– Қазіргі уақытта көкпар, тоғызқұмалақ, қазақ күресі, асық ату, бес асық тәрізді ұлттық спорт түрлері жастардың ерекше қызығушылығын туғызып, бұқаралық сипатқа ие болды. Осыны

ескере отырып, былтырғы жылы аудандық спорт мектептеріне көкпардан жаттықтырушылардың 7 штаты бөлінді. Биыл қазақ күресі, садақ және жамбы ату, тоғызқұмалақ, асық ату, аударыспақ, көкпар, жекпе-жек спорт түрі бойынша жаттықтырушылардың 17 штаты бөлінді, – деді Темірхан Серікбайұлы.

Сондай-ақ, Қарағандыда жаңа ипподром бой көтермек. Тау спорты мен велоклубтың жұмысы да жанданды.

– Ипподром ашу үшін Үштөбе ауылының әр жағынан жер қарастырылып, құжаттарды рәсімдеуге қаражат бөлінді. Құжат дайын болған соң көктемге қарай бюджетті нақтылай жатамыз. Келер жылдан бастап көкпардан кәсіби құрама құрылып, алғаш рет қаражат бөлінетін болады, – деді Жәніс Махмұдұлы.

МҮМКІНДІГІ ШЕКТЕУЛІ ЖАНДАРҒА ЖАҒДАЙ ЖАСАЛАДЫ

Мүмкіндігі шектеулі жандардың спортпен шұғылдануы үшін барлық мүмкіндік қарастырылған. Басқарма басшысының дерегіне сүйенсек, өңірдегі 55 373 мүмкіндігі шектеулі жанның 24 591-і ғана спортпен шұғылдануға денсаулығы жарайды екен. Мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты жүзеге асыру мақсатында биыл 49 млн. теңге бөлінген. Соның ішінде, аутизммен ауыратын 90 баланы жүзеге үйрету үшін 10 жаттықтырушы тағайындалыпты.

– Аталған жоба келер жылы да жалғасады. Бұл жолы балалар санын 60-қа жеткізіп, жаттықтырушы санын 5 адамға көбейтуді жоспарлап отырмыз. Бұл үшін қосымша 11 млн. теңге қаржы қажет. Бұған қоса мүгедектер спорты бойынша мамандандырылған спорт мектебіне қосымша 12 жаттықтырушының штаты бөлінді, – деді Темірхан Серікбайұлы.

• САЛТАНАТ

Шаруашылық мамандары марапатталды

Бейсенбі күні Шет ауданының мәдениет үйінде Ауыл шаруашылығы қызметкерлері күніне арналған салтанатты іс-шара өтті. Айтулы жиынға ауданымыздағы ауыл шаруашылығы саласының қызметкерлері мен шаруа қожалық иелері, жеке кәсіпкерлер қатысты. Өмірдің үздік аграршылары мерейтойлық медальдар, Құрмет грамоталары мен Алғыс хаттар алды.

Нұрлос КӨРІМ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Аудан басшысы Мұхит Мұхтаров өзінің құттықтау сөзінде ауыл шаруашылығына қатысты әр салаға тоқталды.

– Мемлекетіміздің өркендеп, агроөнеркәсіп кешенінің жоғары жетістіктерге қол жеткізуінде осы салада тынымсыз еңбек етіп жүр-

ген ауданымыздағы әрбір адамның айрықша үлесі бар, – деді Мұхит Сайлауұлы.

Жиын барысында аудан әкімі Шет ауылдық округіндегі «Дидар» шаруа қожалығының жетекшісі Д.Еменовке Қарағанды облысы әкімінің «Алғыс хатын» табыста-са, ауданның ауыл шаруашылығы

саласында қажырлы еңбек атқарып жүрген Нұраталды ауылының бас жылқышысы Е.Куандыков – «Үздік жылқышы», Ақсу-Аюлы округіндегі «Харекет» шаруа қожалығының басшысы Қ.Хантурин – «Мал шаруашылығының үздігі», Бұрма ауылындағы «Райымбек» шаруа қожалығының жетекшісі

Ю.Струк – «Үздік дикан», Красная Поляна ауылындағы «Шерубай су» ЖШС-нің бас агрономы А.Бакус – «Үздік картоп өндіруші» номинацияларымен марапатталды. Сондай-ақ, жуырда ғана облыс әкімінің қолдауымен ауданымыздағы ветеринария станциясы мекемесіне берілген 3 автокөлік кілтін салтанатты жағдайда ауыл, кенттерге табыстады. Сонымен қатар, аудандық мәслихат хатшысы С.Социал аудандық ауыл шаруашылығы бөлімінің бас маманы Е.Малтабаров, Көктіңкөлі ауылдық округінің ветеринария пункт меңгерушісі Е.Дюсуповтарға Ауыл шаруашылығы министрлігінің «Құрмет грамотасын» табыс етті.

Салтанатты шара аудандық мәдени-сауық орталығы мен аудан орталығындағы С.Мұхамеджанов атындағы өнер мектебі өнерпаздарының мерекелік концертімен аяқталды

Шет ауданы

• МЕЗГІЛ МӘСЕЛЕСІ

Қар тазалау – қарқынды

Өткен түндегі жылымық ауа райының соңы жапалақтап жауған қарға ұласты. Қаланы қар басып, қарбалас шаруа басталып кетті. Жолдар мен тротуарларды тазалауға 214 техника мен 250-ге жуық жұмысшы жұмылдырылды.

Сағынш ӘБІЛ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Табиғаттың тосын құбылысына төтеп беру үшін коммуналдық қызмет мамандары жолдарды қардан тазартып, құм себу, қар шығарумен тынымсыз айналысуда.

– Жұмысшылар арнайы техникадан кейін қалған үйінділерді жинап, мұзды ойып, алып тастап жатыр. Тротуарларды, жаяу жүргіншілер жолдарын және өткелдерді тазалауда, – дейді қала әкімдігінің өкілдері.

Қаланы қардан тазарту жұмыста-

ры күшейтілген.

Екі ауысымда жұмыс жүруде. Алдымен, жұмысшылар магистральдық автожолдар мен қоғамдық көлік жүретін бағыттарды тазартуда. Сонымен қатар, жолдардағы кептелістердің алдын алу үшін жұмысшыларды ауыстыру кешкі кептеліс сағатынан бұрын ұйымдастырылды. Дәл осы уақытта қоғамдық және жеке көлікке кедергі келтірмеу үшін жұмыстар тоқтатылады.



● ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАСЫН ОРЫНДАЙ ОТЫРЫП...

Қадым заманнан жол ел дамуының деңгейін анықтайтын негізгі факторлардың қатарында тұр. Сондықтан, өсемін деген жұрт әуелі жолын жөндейді. Өйткені, жолыңыз тегіс болса, алысыңыз жақиндайды. Алыс-беріс жанданып, табысыңыз артады.

Біздегі жол сапасына жауапты бірден-бір мекеме – Жол активтерінің ұлттық сапа орталығы. Тіпті, өзіңіз тұратын көшеде немесе ауылда салынып жатқан жолдың сапасына көңіліңіз толмаса, осы орталықтың қызметіне жүгіне аласыз. Көрші-қолаң жиылып, аталған мекеменің Қарағандыдағы филиалына шағым түсірсеңіз, жеткілікті.

Мердігер төсейтін асфальт филиалдың зертханасында сынақтан өтеді. Мамандар сынақ қорытындысына сәйкес ұсыныс әзірлейді. Алда-жалда асфальт құрамы нормативтік құжаттарда көрсетілген талаптардан ауытқыса, салынған жол сүріліп, қайта төселуі тиіс...

Нұрқанат ҚАНАПИЯ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Қысы-жазы жол үстінде

Қарағандылық филиал қызметкерлері қысы-жазы тыным таппайды. Аптап ыстықта, ысқырған боранда жол үстінде жүргені. Асфальт жабынының жайын қарайды, жол жиегіндегі белгілердің бар-жоғын тексереді. Филиал директоры Айбол Бидайбековтің айтуынша, орталық құрылған үш жыл ішінде инженерлер 2232 рет сапарға шығыпты.

– Аймақ бойынша 1947 шақырымдық автомобиль жолдарына диагностика және паспорттау жүргізілді. Оның 1876 шақырымы – республикалық, 71 мың шақырымы – облыстық жолдар. Қызметкерлеріміз үш жылдың ішінде 2232 рет тексеріспен шығып, 398 учаскеге барды. Жол құрылысы материалдарынан 5 мың сынама алды. 1255 сынаманың талапқа сәйкессіздігін анықтады. Осылайша, мыңдаған олқылық дер кезінде түзетілді, қыруар қаржы үнемделді. Білген адамға өте ауқымды және күрделі жұмыс, – дейді филиал басшысы.

Бұл істе жылжымалы зертхананың зор көмегі тиіп отыр. Зертхана сынама сапасын алынған жерде анықтап, шұғыл шара қолдануға мүмкіндік береді.

Қазіргі уақытта зертхана жабдықтарын жаңартуға күш салынуда. Заманауи құралдар қолданысқа енгізілуде. Мысалы, жол белгілерін қаптайтын пленкалардың жарықты қайтару көрсеткішін анықтайтын RetroSign GRX ретрорефлектометры, жолдағы белгілер мен жолақтарды тексеретін LTL-XL ретрорефлекто-



Зертханашы Ділдар Шайқыбеков, сарапшы Бауыржан Кәрімбеков пен инженер Зәуреш Оспанова әр сынаманың қалыңдығын өлшейді

Дамитын ел жолын түзейді

метры, нормативтік көрсеткіштерді бақылайтын құрылғылар, асфальт-бетон жабынын тексеруге арналған жаңа жабдықтар сатып алынды. Мамандар осы аппараттарды пайдалана отырып, жолдан алынған сынаманың ыстық-суыққа, жүк салмағына, қысымға және суға төзімділігін, беріктігін сынайды. Биыл жер-жердегі асфальт жабындарынан 400 кемшілік анықталды. Соның 191-і жойылды.


Орталық қызметкерлері ауқымды жобаларға ерекше назар аударады. Мәселен, «Қарағанды-Балқаш» тас жолы құрылысы. Филиалдың құрылу уақыты құрылыстың тұсауы кесілген мерзімге деп келді. Содан бері филиал мамандары осы құрылыстың басы-қасында жүр.

Аталған көлік дәлізі 1В санатына жатады. Төрт жолақты. Сметаға сәйкес, жабын сапасы жоғары болуы тиіс. Және қауіпсіздік тұрғысынан келгенде көңілге қуаныш ұялатады. Қазір ел арасында бұл жолдың қауіпсіздігіне қатысты шағым көп. Әрине, алып жоба болған соң кемшілік те баршылық. Бастысы – кемшіліктер уақытында анықталып, жойылып отыр.

«Жолдың «жауы» көп»

«Жолдың «жауы» көп. Біріншісі – су, екіншісі – жүк көліктері», – дейді филиалдың бөлім басшысы Асхат Сахаев. Тілісз жаудың залалы белгілі. Ал, жүк көліктері одан да үлкен зиян тигізіп отырғанын айтады маман.

– Қырық тонналық техника кез келген асфальттың тоз-тозын шығарады. Қазір облыс аумағында кетеуі кеткен жолдар баршылық. Бұл, біріншіден, өндіріс ошақтарының тығыз шоғырлануымен байланысты. Мәселен, кен тасыған жүк көліктері «Қарағанды-Аягөз-Бұғаз» тас жолын іске алғысыз етіп, асфальтты ойып тастады, – дейді инженер.



ды. Нақты дәйектерге сүйенсек, Қоғамдық саясат институтымен сұхбаттасқан әрбір бесінші қазақстандық бір реттік Президенттік мерзім дұрыс деп санайды. Осылайша, респонденттер Қасым-Жомарт Тоқаевтың Мемлекет басшысы бір рет қана сайлануы тиіс деген идеясын қолдайды. Айтпақшы, сауалнамаға сәйкес, 62%-ға жуығы осы жеті жылдық

мерзімде кез келген сайлауалды бағдарламаны жүзеге асыруға болатынына сенімді.

Ендігі кезек халықтың мүддесін көздерлік бастамаларын ойдағыдай атқару үшін халықтың сенім мандаты қажет болды. Президентті тандау — бұл елді болашағын тандау. Сайлау барысында еліміздің шешімі қисынды болды. Нақтыласақ, қоғам мен



Заманауи зертхана жабдықтары

Ақтоғай мен Ақсу-Аюлы арасындағы тас жол да осы кепті кигені белгілі. Сол уақытта халық шу көтеріп, белсенділер әкімдікке шағым жазды. Бұл жерде мердігер ұйымның салғырттығынан мыңдаған адам жол азабын көріп отыр.

Екі ауданның орталығын жалғайтын жолдың 16 шақырымын жөндеуді қолға алған мердігер жүз шақырымды ойран қылды. Яғни, құрылысқа қажет материалды Ақсу-Аюлы ауылының маңынан тасыған. Қырық-елу тонналық техника жан шыдатсын ба?! Қазір бұл жолмен жүру мүмкін емес. Енді, мердігер залалдың орнын толтыруы тиіс. Алдағы жылы 50 шақырымы жөнделеді деп күтілуде.

– Біздің мекеменің мәселеге қатысты тексеріс жүргізуге тікелей құзыреті болмаса да, көлік инспекциясы мамандарымен бірлесіп, рейдтерге шығып тұрамыз. Сондай-ақ, тұрғындардан жол сапасына қатысты шағым түссе, тексеріс жасауға құқылымыз. Ол жерге мердігерді, іске алғысыз етіп, асфальтты ойып тарапты шақырып, сараптама жасай-



Жаңа жеткізілген сынама

мыз. Тиісті органдарға хаттамалар жіберіледі. – дейді Асхат Сахаев.

Кадрлы мектептен іздейді

Жол сапасын қадағалауда аяққа тұсау болып тұрған тағы бір мәселе – кадр тапшылығы. Бүгінде елімізде жол құрылысы қарқынды жүріп жатыр. Ел бойынша 4 мың шақырымнан астам республикалық маңызы



бар жолда жұмыс қызып тұр. Кәсіби мамандарға сұраныс зор. Бульдозер мен экскаваторларды жүргізетін адам жетіспейді. Дөңкерлеуші мамандарды жол құрылысындағы компаниялар талтүсте шаммен іздеп таппайды. Кейбір фирмалар өздері оқытып, баулиды. Жергілікті тұрғындар арасынан көбірек тартуға тырысады. Алайда, Айбол Жасұйымұлының пайымынша, бұл – уақытша шешім болғанымен, тығырықтан шығар жол емес.

– Сапалы жол қажет десек, сала мамандары сол қызметті жүргізуге біліктілігі сай болуы тиіс. Біз кадр тербіелеу ісіне баса мән береміз. Үш жыл ішінде сегіз студентті ақылы өндірістік тәжірибеден өткіздік. Қазір

олардың бірнешеуі орталықта жұмыс істейді. Бұдан бөлек, жасөспірімдерге кәсіби бағдар беруді жолға қойдық, – дейді директор.

Кәсіпорын «2000 мектеп» бағдарламасын қолға алды. Яғни, осы бағдарлама аясында филиал мамандары мектептерді аралап, оқушыларды жол құрылысы саласына тартады. Шалғай ауылдарға барып, мамандықтың қыр-сырымен таныстырады, оқуға түсу тетіктерін түсіндіреді.

Филиал үш жылда жүзге жуық білім ошағымен әріптестік байланыс орнатты. Жыл басынан бері мамандар 94 мектепке арнайы барып, жеткіншектермен кездесті. Техникалық

жоғары оқу орындары студенттері үшін «Ашық есік күнін» де өткізді. Ұрпақ сабақтастығы деген – осы.

Жол адамға аяқ біткеннен бар. Күн сенгенше табан астында керіліп жата беретіні де аян. Ал, оның сапасын бақылау – қай заманда да қажет. Айбол Жасұйымұлы бастаған ұжым келешек үшін тер төгіп жүр.

Суреттерді түсірген
Еркебұлан ХАДЫЛБЕК

де қалыптастыруда. Сондықтан, республикаға тән көпекторлы сыртқы саясатты жүргізу тәжірибесі болашақта да өзінің тиімділігі мен қажеттілігін көрсетеді.

Өткен президенттік сайлау Мемлекет басшысы белгілеген «Жаңа Қазақстанды» қалыптастыру жөніндегі стратегиялық міндеттерді одан әрі іске асыру үшін берік іргетас болып қаланады.

Қазақстан басшылығы бастамашылық еткен реформалар сын-қатерлер мен қиындықтарға қарамастан табысты іске асырылатынына сенімдімін.

Ақпарат ағынына көз салсаңыз, әлем елдерінің көшбасшылары жаңадан сайланған Президентімізді құттықтауда. Өз басым Қазақстан Республикасының азаматы ретінде халқымыздың тарихи таңдауына негізделген Қасым-Жомарт Кемелұлының бұл жеңісін күмәнсіз жеңіс деп бағалаймын.

Марина ПЛАТОНОВА,
Қарағанды қалалық
мәслихатының депутаты

● ЛЕБІЗ

Ашық сайлау, еркін таңдау

Кешегі өткен Президент сайлауынан осындай ой түйіп, демократиялық қоғам талаптары сақталған саяси долаға куә болдық. Сындарлы сәттің мұндай сипатта түйінделуі – ел тағдырына алаңдаған электорат үшін тарихи мүмкіндік.

Тұрғындар зор жауапкершілік танытып, өз таңдауын жасады. Бұл – азаматтық сананың әрі саяси мәдениеттің дамып келе жатқанының көрінісі.

Орталық сайлау комиссиясы жариялаған қорытынды бойынша Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев 81,31% дауыс жинап, әділ әрі ашық сайлауда айқын жеңіске жетті.

Бұл жеңіс – бүкіл халықтың жеңісі! Әділетті Қазақстанның жарқын болашағына жасаған алғашқы қадамымыз сәтті болғай! Еліміздің осындай маңызды шарасына өз үлесімді қосу – мен үшін үлкен мақтаныш.

Мемлекет басшысының әділетті мемлекет, әділетті экономика, әділетті қоғам қағидаттарына негізделген «Әділетті Қазақстан: бәріміз және әрқайсымыз үшін» атты сайлауалды бағдарламасының жүзеге асырылуына мүмкіндік туды деп айтуға болады. Барша қазақстандық Қасым-Жомарт Кемелұлын қолдайды. Себебі, еліміздің басына сынақ тұғанда, Президентіміз елін қорғап, қолдап, сын сағаттарда халқымен бірге бола білді.

Президентімізге біз де халық болып жұмыла қолдау көрсетіп, Әділетті, Қуатты Қазақстанды құру жолында атсалысайық!

Айым КАШИМОВА,
М.Бәпиұлы атындағы №44 орта мектеп жанындағы интернат меңгерушісі,
Қарқаралы аудандық мәслихат депутаты

Әділ сайлаудағы лайықты таңдау

Сайлау – кез келген мемлекеттегі маңызды оқиға. Ел Президентіне дауыс бере отырып, біз өзіміздің және отбасымыздың тағдырын сеніп тасарылақ. Таңдау жасау арқылы әрі қарай қандай принциптер бойынша өмір сүретінімізді айқындадық.

Мемлекет бізге осындай құқықты қамтамасыз етсе, оны әлбетте, пайдалану керек. Яғни, құқығыңды пайдалан, ал, мүдденді қорға. Мен мұны адвокат ретінде білемін. Өзіңнің ел тағдырындағы жауапкершілігіңе бейжай қарауға болмайды. Мемлекет халқына Ел Президентін сайлау құқығын берді, ал, халқы оны лайықты қабылдап, дұрыс таңдауын жасады. Бұл – менің және сіздің мемлекеттің лайықты дамуына қосқан үлесіміздің бір парасы.

Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы адам құқығының ажырамас бөлігі ашық және әділ сайлауға және мемлекетті басқаруға қатысуы екенін мойындайды. Туған елге, жерге деген немісқарылық пен енжарлықпен жаман ештеңе жоқ. Біз, қазақстандықтар бейбітшілік, тұрақтылық үшін, еліміздің өркендеуі үшін сайлауға барып, өз ұстанымымызды көрсеттік. «Кім үшін? Не үшін?» дейсіз ғой? Әлбетте, өзіміз үшін, отандастарымыз үшін, әріптестеріміз үшін, жақындарымыз үшін.

Қазақстан – бірегей ел. Онда тұратын адамдар да ерекше. Біз үшін негізгі байлық – отандастарымыз. Біздің таңдау құқығымыз бар және кезектен тыс Президент сайлауында осы құқығымызды пайдаланып, әділ таңдауымызды жасадық.

Елена ТРИЗУБ,
адвокат,
кәсіби медиатор



• ҚАТЕРЛІ ІСІК – ҒАСЫР ДЕРТІ

Сағыныш ӘБІЛ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Қарағанды – алғашқы бестікте

Денсаулық сақтау министрі Ажар Ғинаяттың айтуынша, кенді аймақ – онкологиялық аурулар бойынша алғашқы бестікте. Нашар экология онкологиялық аурудың өсуіне бірден-бір себеп екендігі нақтыланған. Облыс орталығында орналасқан №3 көпбейінді аурухана дәрігерлері күніне онкологиялық дертке шалдыққан екі адамға ота жасайды екен. Бұл көрсеткішті күндер мен айларға көбейтудің өзі қорқынышты. Жылына жеті мыңға жуық наукас тіркеледі. Оның ішінде емделіп қатарға қосылғандары бар. Асқындырып, уақыт өткізіп өмірден өткендері қаншама. Аталмыш аурухананың онколог дәрігерлерімен пікірлескенімізде, олар онкологиялық аурулардың жасарып келе жатқандығын, ер адамдардың бұл ауруға жиі шалдығатындығын, наукастар ауырсыну белгілерін елемей, уақыт өткізіп алатындығын айтты.

– Онкологиялық аурулардың ішінде өкпенің қатерлі ісігі көш бастап тұр. Сәйкесінше, өлім-жітім бойынша да алдыңғы орында. Одан кейін тері және сүт безі обыры, ұйқы безінің қатерлі ісігі көптеп кездеседі. Аймақта 2019-2021 жылдар аралығында өкпенің қатерлі ісігімен ауыратын 7217 наукас анықталды. Зардап шеккендердің арасында ерлер басым. Мәселен, 2019 жылы 377 сырқатқа өкпенің қатерлі ісігі диагнозы қойылса, оның 301-і – ер адам. Жалпы, қатерлі ісік аурулары 45 жастан асқан адамдарда жиі кездеседі және сырқат адамдардың 97,6%-ын құрайды. Облыста кеңінен тараған өкпе обырының уақыт өткізіп анықталуы екінші орында тұрғанымен, өлім көрсеткіші бойынша бірінші орынға шығып отыр, – дейді амбулаториялық-смханалық қызметтің басшысы Анастасий Краснов.

Ұйқы безінің қатерлі ісігі – өлім-жітім көрсеткіші бойынша төртінші орында. Сырқат қаупі – жоғары. Диагноз қойылғаннан кейін өмір сүру көрсеткіші небәрі 5% ғана. Бұл дегеніміз бес жылдан кейін ұйқы безінің қатерлі ісігіне шалдыққан 100 адамның бесеуі ғана тірі қалады деген сөз. Бұл аурудың күдік тудыратын басты белгісі – қатты тағамдардың тамақтан өту қиындығы. Бұл жағдай асқазан обырының да қауіпін сейілтпей отыр. Асқазанның қатерлі ісігіне шалдыққандар наукастардың 8,7%-ын құрайды. Ал, осыдан 10 жыл бұрын сүт безі ісігі орта жастағы әйелдерде кездесе, бүгінде 18 жастағы қыз балалардан анықталуда.


«Алқымнан алып, алды-артына қаратпайтын аты жаман ауруларға себепші – қоршаған орта, адамның әлеуметтік жағдайы, созылмалы сырқаттар мен зиянды әдеттер», – дейді онколог мамандар.

Обыр жасарып келеді

Жер бетіндегі өлімнің екінші себепі болып отырған онкологиялық аурулардың жасарып келе жатқандығын айтады мамандар. Мәселен 15 жасқа дейінгі балалардың басым бөлігі лейкоз, ми ісігі, лимфомаға шалдығады. Балалары қатерлі ісікке шалдығып, емге қаражат іздеген

Қатерлі ісік. Бұл дертке дүние жүзінде жыл сайын 8 миллионнан астам адам шалдығып, Қазақстанда 17 мың сырқат көз жұмады екен. Ал, Қарағанды облысында дәрігерлер күніне екі адамға ота жасайды. Адамды ажал тырнағына байлайтын дерт жас талғамайды. Әрі жыл сайын өсіп келеді. Жаһандық деңгейде өзекті мәселеге айналып отырған аты жаман аурумен күресуге бола ма, жеңгендер бар ма?

Диагноз – үкім емес, болжам



ағайынның жанайқайын күн сайын естіп, көріп жүріміз. Әлеуметтік желіден де, ұялы телефоннан да. Көптігі соншалық, біріне қол ұшын созсаң, екіншісіне қауқарың келмей жатады. – Баламда 5 жасында ми ісігі анықталды. Бастапқыда отандық медицинаға жүгініп, сырқаттың алдын алу ем-домдары жасалды. Жағдайы қиындай түскен уақытта шетелдегі мамандардың көмегіне жүгінген дұрыс деп шештік. Ем қаражатын біздің қалтамыз көтермейді. Баламның шыбын жаны үшін ұятты жиып, халықтан көмек сұрадым. Айналайын халқымының арқасында қаражат жиналды. Екі рет шетелге шықтық. Бастапқыда көңіл қуантарлық өзгерістер болды. Екінші мәрте барғанымызда «елге оралған дұрыс» деді. Амал қанша, баламды құшақтап, үйге келдім. Ең жаманы – баламның көз алдымда сеніп бара жатқаны. Жанында отырып, оның тынысын аңдумен, алаңсыз ұйқыдағы түріне қарап, егілүмен болдым. Одан айырылып қаламын дегенге мүлде сенбедім. Өмірімнің тас-талқаны шықты. Таңмен таласа тұрған балам, бетіме үнсіз қарап жатып, үзіліп кете барды, – деп еске алады Светлана Ыдырысова.

Енді ғана бұр жарып келе жатқан жеткіншектерді де осылайша обыр жалмап жатыр. Жанға бататыны – елімізде қатерлі ісік ауруларына шалдыққан 20 мыңнан аса бала бар.

Ерік-жігер де емдейді

Иә, бұл ауруға дауа тауып, құлан таза айығуға болады. Тек дер уақытында дәрігерге қаралса. Аурудан айығудың басты жолы – диагноздың дұрыс қойылуы, әрі қажетті ем-домды дер уақытында үзбей алу. Аурудың күрделілігіне байланысты ем жасау да әртүрлі. Біздің тәжірибеде

тұрақты қолданылатыны – хирургиялық жол, химиотерапия және сауелік терапия. Жергілікті мамандар сүт безі, жатыр мойны, тоқ ішек обыры ерте кезде анықтағанда заманауи технологиялық әдістерді қолдана отырып, жақсы нәтижеге қол жеткізуге болатындығын жеткізді.

Онкологиялық ауруларға қатысты диагноз қойылғанда көбіне адамдар күйзелістің құрбаны болып жатады. Сынаптай сырғыған уақыттың әр секундымен санасуды санадан шығырып, сан соғып қалады. Дегенмен, рухы мықты адамдар «Диагноз – үкім емес, ол тек болжам!» деп қабылдайды. Сондай жанның бірі – әріптесім Аяжан Кеңесбек. Тұрмысқа шығып, отбасылық өмірге жаңа қадам басқан жастар үшін маңыздысы ата-ана атау. Осындай ұлы мұратты мақсат тұтқан отбасында сәби күлкісінің естілмеуі еріксіз алаңдаушылық туғызады. Яғни, Аяжан арада екі жыл өтсе де, құрсак көтере алмайды. Кінәратты анықтау үшін жолдасы екеуі мамандар көмегіне жүгінеді. Нәтижесінде Аяжанда аналық бездің қатерлі ісігі бар екендігі анықталады. Ауруханада ота жасалып, нақты диагноз қою үшін Алматыдағы зертханаға тексеріске жібереді. Қорытынды келеді. Сәби сүюге деген құлшынысы зор жас келіншек бұл «үкімге» сенер сенбестен «Бұлай болмайды!» деп шорт кетеді.

– Танертең емдеуші дәрігерім келіп, «Сіз жассыз, бар өміріңіз алда, сізде бәрі жақсы болатынына сенемін» деп айта бастады. Мен мәзбін, сараптама нәтижесі жақсы екен деген ой орынқты. Бір уақытта «Сізде аналық безде қатерлі ісік ауруы анықталды». Мен «Жоқ, олай болуы мүмкін емес!» деп бой бермедім. Қолыма зертханалық қорытындыны алып, онкологиялық диспансерге бардым. Олар маған шұғыл ота жасау керек

деді. Егер ол қадамға барсам, өмірі бала сүйе алмайтынымды білемін. Келіспейтінім туралы қолхат жазып, шығып кеттім, – дейді Аяжан.

Қолында қағазы бар Аяжан бұдан құтылатын жол болуы керек деп, біраз жерге сұрау салады. Ақыры дертіне дауа тапты. Емге деген сенімі оған алғаш рет ана атауы бақытын

сыйлады. Бұл 2014 жыл болатын. Өмірге Ибраһим есімді бағыр келді.

– Денсаулығым қалыпты, күнделікті ем-домнан бөлек бақылауда болдым. Уақытқа ілесе жүріп, екінші балама аяғым ауыр болды. Дәрігер маманға барып, тексерілдім. Тағы да сол аты жаман ауру алдымнан шықты. Бұл жолы қабырға астындағы жұмсақ тіннен табылды. 2018 жыл. Уайым болды әрине. Періштенің көрер жарығы бар екен, кішкентайым Ислам өмірге келді. Мүмкін, менің бұл диагнозды жеңіл қабылдауыма жастығым әсер еткен емес, ол тек болжам!» деп қабылдайды. Сондай жанның бірі – әріптесім Аяжан Кеңесбек. Тұрмысқа шығып, отбасылық өмірге жаңа қадам басқан жастар үшін маңыздысы ата-ана атау. Осындай ұлы мұратты мақсат тұтқан отбасында сәби күлкісінің естілмеуі еріксіз алаңдаушылық туғызады. Яғни, Аяжан арада екі жыл өтсе де, құрсак көтере алмайды.

Кінәратты анықтау үшін жолдасы екеуі мамандар көмегіне жүгінеді. Нәтижесінде Аяжанда аналық бездің қатерлі ісігі бар екендігі анықталады. Ауруханада ота жасалып, нақты диагноз қою үшін Алматыдағы зертханаға тексеріске жібереді. Қорытынды келеді. Сәби сүюге деген құлшынысы зор жас келіншек бұл «үкімге» сенер сенбестен «Бұлай болмайды!» деп шорт кетеді.

«Ауырып ем іздегенше...»

Қатерлі ісікке қарсы тұру үшін сананың сілкінісі керек. Өкінішке орай, әлем ғалымдары әлі күнге дейін оны емдеп жазатын әмбебап дәрі ойлап тапқан жоқ. Технология мен медицинаның даму қарқыны ол күндер де алыс емес екенін көрсеткендей. Әзірге, біздің қолымыздан келетіні – аурудың алдын алу және дер кезінде емделу. Мұның бәрі түптеп келгенде профилактика мен салауатты өмір салтына келіп тірелетін дүниелер. Бүгінде дәрігерлердің бас ауруына айналған мәселе – адамдардың жоспарлы скринингтен өтуге салғырт қарауы.

• ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ

Нұрдос КӘРІМ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Тұмысынан денсаулығын да ақыры бар және ерекше күтім мен білім беруді қажет ететін бүлдіршіндерге арналған «Қарағанды облысы Балқаш қаласының мүгедектігі бар балаларға арналған оңалту орталығы» КММ жаңа құрал-жабдықтармен толықты. Игілікті істі «Қонырат» корпоративтік қоры әлеуметтік-жауапкершілік аясында жүзеге асырды.

Оңалту орталығы сегіз кондиционер, дизельді генератор, теледидар, аудиожүйе, екі су ысытатын құрылғы, мұздатқыш, автономдық электр қуатын беретін алып агрегат, су массажын жасайтын ванна, бес мүгедектігі бар балаға арналған арба, бес ортопедиялық орындық және «Samsung» теледидарына ие болды. Сонымен қатар, қайырымдылық және демеушілік ету жоба-



сы аясында «Қазакмыс» корпорациясы» ЖШС эвакуациялық шығу жолын жасап, 20 компьютер сыйғаттартты. «Халық банкі» АҚ Балқаш аймақтық бөлімінің ұжымы қысқа-

толқынды пеш сыйласа, Е.Бекішев бастаған «TRANCO EXPRESS» ЖШС-нің Балқаш қаласындағы филиалы екі төсеніш тарту етті.

Табысталған жабдықтар оңал-

• ЕЛ ІШІ – ӨНЕР КЕНІШІ

Қазаққа бергісіз Қазбек

Халқымыздың салт-дәстүрін, өнері мен мәдениетін жанындай сүйетін, қазақша әндерді тамаша тамылжыта орындайтын шешен жігіті Қазбек Талашев туралы осылай деуге болады.



Ержан ИМАШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Жасынан қазақ арасында туып-өсіп, тілін жетік меңгеріп, ұлттық құндылықтарымызды жан-тәнімен насихаттап жүрген ол қабілеті мен еңбегінің арқасында елдің құрметіне бөленіп, қазір Бұқар жырау аудандық мәдениет үйінің директоры болып істейді.

Қазбек бүгінгі бағындырған биігіне, бұл дәрежесіне бірден жеткен жоқ. Ол өскен әулеттің біздің қасиетті жеріміздің топырағына табан тіреп, тамырын жайғанынан бері үш ұрпақ ауысыпты. Өткен ғасырдың сонау 30-40 жылдарындағы сталиндік жаппай қуғын-сүргін кезінде Кавказ тауларынан Қазақстанға күштеп көшірілгендердің ішінде мұның ата-әжелері де бар еді. Олардың айтуынша, пойызға тиеліп, осында жөнелтілген бір қауым шешен жұртының өкілдері мінген эшелондар ауа ырылып, өлгені өліп, тірі қалғандарын кеңпейіл де қонақжай қазақ бауырына басқан екен. Солардың бірі Заурбектің қызы Малика өз ұлтының Анди (Александр деген жігітіне тұрмысқа шығып), 1974 жылдың 1 маусымында осы Қазбекті дүниеге әкеледі. Бойжеткелі сауыншы болып еңбек еткен анасы бүгінде Ботақара селосында Қазбектен кейінгі іні, қарындасымен тұрып жатыр. Ал, жүргізуші болған әкесі 2002 жылы дүние салған.

Туған ауылындағы орта мектепті орысша оқып бітірген Қазбектің қазақ тілі мен ән-күйіне құштарлығы бала күнінен-ақ оянды. Оған қазақша еркін сөйлеп, халық әндерін нәшіне келтіре шырақтайтын шешесінің де ықпал, әсері аз болмады. Оқушы кезінен мектептегі көркемөнерпаздар үйірмесіне белсене қатысқан ол ауыл клубындағы концерттерде ән айтып қана қоймай, аудандық үгіт бригадасының алдында, дала қосынында, егіс басында өнер көрсетіп жүрді.

Өз басым оны сол кезден білемін. Онда ол 10-11 жастағы топмиған бұйрабақ, жанары жарқ-жүрқ еткен қара бала болатын. Мен сол уақытта аудандағы Үлгі сегіз жылдық мектебінің директоры едім. Егін орағы мауқанында біздің мектеп оқушылары мен қаршадай шешен баласы да дала төсіндегі диқандарды ән-күймен сусындатып еді-ау...

Зымыраған уақыт-ай деңсеңші... Содан бері де 40 жылға таяу мезгіл өткен екен. Енді сондағы өнерпаз қара бала бүгінде салықалы жігіт ағасына айналып, білдей бір мәдениет ошағын басқарып отыр. Бірақ әуелетіп салған әндері әлі күнге тыңдармандарының құлақ құрышын қандыруда.

– Бұл жолда маған бағыт беріп, жөн сілтеген екі адамды өмірбақи ұмытпаймын. Оның бірі осы ауданның Мәдениет бөлімін 30 жылдан астам басқарған Сәуле Ғұбайдоллақы болса, екіншісі ұзақ мерзім аудандық Мәдениет үйінің директоры болған марқұм Раушан Әлібекқызы Жұманова еді. Олар мені оқушы күнімен қолымнан жетелеп, өнерге келуіме де себепші болып, қолтығымнан демеді, – деді Қазбек тебірене толқып.

Алайда «Жетелеп қосқан

тазы түлкі алмайды» демекші, Қазбек бұл орайда қамшы салдырмай, ұстаздарын жерге қаратпады. Ән бәсекесінде ол алған марапаттардың санынан жанылыстым. Аудан, облыс, республикадан алған жүлде-сыйларын айтпағанда, соның ішінде ерекше шоқтығы биігі – 2014 жылы Түркияда өткен «Алтын Гюнош» халықаралық конкурсында Шәмші Қалдаяқовтың «Сыған серенадасы» әнін шырықп, жеңіп алған Гран-приі. Мұндай тағы бір Гран-при осы жылы қазақ тілінен болған облыстық «Менің Қазақстаным» сайысында берілген.

Бұдан бөлек Қазбек облыста «Село Мәдениетінің таңдаулы қызметкері» (2008, 2010) аталымында жеңімпаз атанған. Оның кеудесінде «ҚР мәдениет саласының үздігі», «Еңбек даңқы» медальдары жарқырайды.

Жоғарыда айтқанымыздай, талапты жігіт Талашевтің ауданның мәдениет саласындағы кәсіби қызметі бірден басталмапты. Ол мектеп бітірісімен ауданның Ақбел ауылында сауыншы болып істейді. Сонда жүргенінде өнерден қол үзбейді. Ақыры Раушан апайының қоярда қоймай қолқалауымен осы салаға ауысты. Әуелгі 1998 жылы қызметін әдіскерліктен бастаған ол сол бөлімнің меңгерушісі, 2011 жылы Мәдениет үйінің директорының орынбасары болып, 2021 жылдың 1 маусымында дәл туған күнінде, оның директорлығына тағайындалды. Аудан басшылығы да осынау үлкен мәдениет ордасын басқару қабілет-қарымы, білімі мен тәжірибесі жеткілікті азаматтың сөзінен де, қолынан да келеді деп сенді. Өйткені Қазбек 2008 жылы Қарағандыдағы Тәттімбет атындағы колледжде педагог; режиссер, ал 2013 жылы Е.Бекетов атындағы ҚарМУ мәдени-демағыс жұмысы мамандықтары бойынша оқып тауысқан іскер де білікті мамандар қатарынан. Ол үнемі ізденіп, білімін жетілдіріп, шығармашылықпен жұмыс істеуден бір жалықпайды.

Раушан апайының ізін басып, ісін жалғастырған Қазбек бауырымыз басшылық ететін Мәдениет үйінің құрамына аудан ауыл-селоларындағы 36 клуб филиалы кіріп, оларда 500-дей адам еңбек етеді. Бұлардың бәрінде дерлік, домбыра, би, көркемсөз оқу үйірмелері жұмыс істейді. Жалпы аудан бойынша 11 этно-мәдени бірлестік, 230 үйірме бар болса, Доскей ауылындағы, Ботақара кентіндегі халықтық оркестрлер, «Эдельвейс» үлгілі хореографиялық ансамблінің «Дәурен-ай» ардагерлер хорының атақ-даңқы облысқа мәлім. Барлық есептері мен құжаттарды қазақ тілінде жүргізу қолға алынған.

Міне, ұлты басқа болса да, халқымыздың мәдениеті мен өнерінің дамуына, өрге басуына, жанын салып, күш-жігерін аянбай жүрген Қазбек Талашевті осыдан кейін қазаққа бергісіз Қазбек деп қалай айтпайсыз?!

Бұқар жырау ауданы

СУРЕТТЕ:

Бұқар жырау аудандық Мәдениет үйінің директоры **Қазбек ТАЛАШЕВ**

● КСРО ХАЛЫҚ АРТИСІ ЕРКЕҒАЛИ РАХМАДИЕВТІҢ ТУҒАНЫНА – 90 ЖЫЛ

Күндер зулап барады



*Күндер зулап барады-ау, жеткізбейді ай,
Асау өзен өткелден өткізбейді-ау, ау, дүние!..*

Тұманбай МОЛДАҒАЛИЕВ

Әдемі ырғақпен өрілген ән құлақ құрышын қандырып, жан дүниені тербетіп, шарықтау шегіне жетіп барып тоқтады. Жорғаны жолға салып, жұрт қызығар үнсіз тыныштықта өткенге ой жүгіртіп, сансыз өмір қиылыстарын еске алып, ерекше бір әсерге бөленесін.

Ата-бабаның өткен өмір жолын білгің келсе ұғып ал дегендей, ерекше бір күй сарынымен басталып, әрі қарай жүрек қозғар әнге айналып, күмбірілген кәрі домбыра әншінің қолынан қимастықпен босап құтты орнына жайғасты.

Әншінің жүректі елжірете орындаған әніне елітіп, одан алыстап кете алмай мен де өзге дүниені ұмытқандай халде қалған сияқтымын.

Тұманбай мен Мұқағали сияқты ақынқ акындардың – «Күндер зулап барады», «Өзіммен өзім» өлендері КСРО халық артисі Еркеғали Рахмадиевтің әнімен тамаша үйлесіп, тыңдаған жанды рахатқа бөлеп, тербеткені сезіліп-ақ тұрды.

Өз заманының тыңдаушысын тамсандырып, көпшілік құрметіне бөленген Манарбек пен Жүсіпбек сияқты ағаларының батасын алып, көп ортасына шешендігімен, ән айтуымен танылған Ж.Кәрменов кезінде осы екі әнді нақышына келтіре орындап, қарт композитордың ырзашылығын алған екен.

Өкінішке қарай, Ж.Кәрменовтің орындауында айтылған осы екі ән еш жерде сақталмаған.

90-жылдардың орта кезі болу керек, қарымды қаламгер Н.Айтовтың шығармашылық кеші Астанада дүркіреп өтеді.

Сол дүбірлі кеште Несіпбек акынның сөзіне жазылған Акселеу Сейдімбековтің «Сарыарқасымен», «Дәуренайың» орындаған сазгер, халық мәнерінде ән айтудың майталманы бүгінде ҚР еңбек сіңірген қайраткері Дәуренбек бауырымыз отырған көпшілікті тәнті етіп, көрермен көңілінен шығады.

Бүгінде сол Жәнібек ағасының қалдырған ізін жаңғыртып, өткенді

еске алдырып, тамылжыта әнді орындап берген ортамызда шоқтығы биік, елімізге танымал әншіміз Дәуренбек болатын.

Еркеғали ағамыздың жұбайы Клара жеңгеміз сол дүбірлі кеште әншінің ән айту өнерін бағалап, Қарағандыға сол кезде облыстық мәдениет басқармасының төрайымы Рымбала Омарбековаға қоңырау шалып, Дәуренбектің хабарласуын сұрайды.

Бұл Астанада өтетін композитордың 80 жылдық мерейтойының алды болатын.

Тойдың алдында композитордың жас әнші Дәуренбек бауырымызбен кездесуі де ерекше.

«Дәуренбек балам, менің әндерімді орындайтын сен бе едің?» – деп жүрекке жайлы жылы сөзімен композитордың дидактасы басталып кетеді.

«Ойға шомып томсарған кәрі еменді күндіз-түні соғатын жел қозғайды»,

«Жасы ұлғайған адамда күшті дауыс болмайды, ритімді баяулат, домбыра бұрауын сәл түсіріп айтсаң дұрыс болар еді» – деп баласына әннің осылай орындалуын әкенің және ұстаздың көңілімен жеткізсе керек.

Көп кешікпей жеңгесі мен інісінің, үйдегі қара телефон арқылы екеуара шығармашылық жүздесулері басталады. Адамзат құлағына ән де, әңгіме де түрлі жолмен жетеді.

Бірақ телефон арқылы ән айтуды жеткізудің де өзіндік ерекшелігі барына көбіміз мән бермесек керек.

Тұманбай акынның сөзіне жазылған әнді композитордың жары Клара жеңгеміз әншіге телефонмен жеткізеді.

Дәуренбек бауырымыз үй телефонының дауысын бар қаттысына бұрап, сол уақыттағы кішірек ұялы телефонға жазып алады.

Арқаның дәстүрлі ізімен жазылған ән әуені әдемі ырғаққа түсіп, тыңдаушысының жан дүниесін сергітіп ерекше сезімге бөлейді.

Әрине, өнер адамының жары болу оңай емес.

Жас өнерпаздардың отбасындағы сүйіктілерінің құлағына алтын сырға.

Кешегі бұралаңы көп шырғалаң заманда, ер тұлғалы өнер саласында жүрген аға, әкелерімізге адал жар болып, шашбауын көтеріп, жаманын жасырып, жақсысын асырып, еркегінің еркелігіне төзе білген апа-аналарымыз бүгінгі күні өнерде жүрген бауырларымыздың отбасына үлгі болатын жандар.

Айта берсек, кешегі нар тұлға ағаларымыз Н.Тілендиевтің жары Дариға жеңгеміз от мінезді азаматының өмірінің соңына дейін, мінезіне шыдап, отбасында болып жататын түрлі қиындықтарға төзе білген.

Дариға жеңгеміз де Ескендір ағамыздың музыка жазып, ән айтуына қамқор болып, халқының алдында шығармашылық табыстарға жетуіне септігін тигізіп, шаңыраққа береке келтіріп, құрметпен қарағаны бәрімізге аян.

Жүсекен (Жүсіпбек Елебеков) ауырып жарық дүниемен қоштасып жатқанда саусағы қимылдап бір әнді тартқандай болады. Хабиба анамыз саусақ қимылын түсінгені сонша, «Қарқаралы» әнін келтіріп туған жерін қимай жатқанын білген екен.

Композитор, КСРО халық әртісі, Қазақ КСР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, профессор Еркеғали Рахмадиевтің туғанына биыл 90 жыл. 2019 жылы Қарағанды облыстық Қали Байжанов атындағы концерттік бірлестіктің симфониялық оркестріне композитордың есімі берілген еді. Бүгін «Шалқым» концерт залында Е.Рахмадиевтің 90 жылдығына орай еске алу музыкалық кеші өтеді.

Мұндай кештер қазақ музыкасындағы ұрпақ сабақтастығын дәріптеп, тұлғатану саласына зор үлес қосатыны анық.

Мейірман ЕЛУБАЙҰЛЫ

● ТАҒЗЫМ



Шолпан-жұлдыз шуағы

29 қыркүйекте КСРО және Қазақ КСР Халық әртісі, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Шолпан Жандарбекованың есімін Қарқаралы аудандық мәдениет үйіне беру туралы Үкіметтің қаулысы шыққанын айтып, сүйінші ақпарат жазған едік. Үкімет қаулысы жүзеге асып, әйгілі актрисаның есімін Қарқаралыдағы мәдениет үйіне беру рәсімі салтанатты түрде өтті.

Дулат ЖҮНІСБЕКҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»



Ш.Жандарбекова Қарқаралы ауданы, Милыбұлақ ауылында 1922 жылы дүниеге келген. Жасынан өнерге іңкәр Шолпан бойжеткен соң Алматыдағы театр-көркемсурет училищесіне қабылданады. Киелі сахнадағы алғашқы сомдаған рөлі – М.Әуезовтің «Сын сағатта» спектакліндегі Рәш қыз. Табиғи дарыны, тума талантымен театр тарландарының жоғары бағасын алған ол классикалық спектакльдердегі басты рөлдерге шақырыла бастайды. Оқу жылының соңында өзінің табиғи дарыны, тума талантымен көпшіліктің бағасын алған Ш.Жандарбекова ұзақ жылдар М.Әуезовтің «Еңлік-Кебегіндегі» Еңлік, «Қара қыпшақ Қобыландыдағы» Құртқа, «Абай» трагедиясындағы Тоғжан, «Айман-Шолпандағы» Шолпан, «Түнгі сарындағы» Жұзтайлақ, Ғ.Мүсіреповтің «Ақан сері – Ақтоқтысындағы» Ақтоқты, «Қозы Көрпеш – Баян сұлуындағы» Баян сынды көптеген рөлдерді сәтті сомдап, ақылды, сымбатты ажарлы аруалар галереясын жасаған. Оның отандық кино саласындағы орны – бір төбе.

Өмірлік жары, осы театрдың белді әртістерінің бірі, атақты Құрманбек Жандарбековпен ұзақ жылдар бірге жүріп, қазақ өнерінің абыройын асқақтата білді.

Салтанатты шараның алғашқы бөлімінде әйгілі актрисаның студент кезі, алғаш театр сахнасына шығу кезеңі, құрбыларымен сырласу мен махаббат тақырыбы жергілікті актерлердің қойылымымен көрермен назарына ұсынылды. Бөбегін әлдилеген, туған жерін аңсаған сәттері де қамтылып, Ш.Жандарбекованың өмірі мен өнерінен сыр шертетін бейнебаян көрсетілді.

Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткерлері, Рымбала Омарбекова, Болат Ибраев, Қайрат Кемалов Қазақстанның Халық әртісі Тілектес Мейрамов, белгілі қаламгер, өнер иесіне арналған «Шолпан» кітабының авторы Ергазы Төлеу өзекжарды тілектерін білдіріп, құнды естеліктер айтты. Ендігіде өнер ошағының албарына тұлғаның биіктігі орнатыла деген ұсыныстарын да жасырмады. Ш.Жандарбекованың бір кездері тәлімін

алған Мәдениет қайраткерлері Бижамал Кемалова, Дунай Еспаев, Раушан Жылтыбасева, облыстық мәдениет-сауық және халық шығармашылығының ғылыми-әдістемелік орталығының басшысы Кагиза Садуақасовалар да өздерінің жүрекжарды лебіздерін білдірді. Тұлғаның жақындары да сөз алды.

Қарқаралы ауданының әкімі Ерлан Құсайынов алыс-жақыннан ат терлетіп арнайы келген меймандарға алғыс білдіре келе, – Шолпан апамызға арналып жыл ішінде түрлі фестивал, шаралар өтті, кино түсіріліп, кітап шықты, осының барлығы ол кісіге деген тағзым, өнерге деген құрмет. Бұл тарихқа алтын әріптермен жазылып қалатын ұлы мұра болса, ұрпақ үшін жасалып отырған мәңгілік мирас, – деді.

Шара соңында аудан әкімі Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген әртісі, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Кенжеғали Мыржықбайға «Қарқаралы ауданының Құрметті азаматы» атағын салтанатты түрде табыс етті.

Қарқаралы ауданы

● ЖАЙЫҚ БЕКТҰРОВТЫҢ ТУҒАНЫНА – 110 ЖЫЛ

Моншақты тауының етегінде орналасқан Ақкөл қаласының тұрғындары жерлес, жазушы-шежіреші Жайық Бектұровтың 110 жылдығын атап өтуге дайындалып жатқан. Мерейтойға шақырылған қонақтар Қарағандыдан, Астанада, Кокшетаудан келіп, қонақ үйге орналасып жатты. Қонақтар ең бірінші аудан әкімі Юрий Куршиннің қабылдауында болды.

Юрий Викторович ауданның экономикалық-әлеуметтік жағдайы туралы қысқаша мәлімет берді де, мерейтой бағдарламасымен таныстырды. Аудандық мәдениет үйі күрделі жөндеуден өтіп жатқандықтан шаралар қаладағы №3 Ж.Бектұров атындағы қазақ орта мектебінде өтетін болды. Бәріміз сол мектептің қабырғасынан түлеп ұшқан едік. Бізді бірінші қабаттан домбыра оркестрімен қарсы алды. Сол қабатта балалардың қолөнер бұйымдары көрмесімен таныстырды. Сондай-ақ,

Тағдырлы қаламгер тағылымы



спорттағы жетістіктерін айғақтайтын марапаттардың куәсі болып, дене шынықтыру залында ұлттық спортпен айналысып жатқан балалармен бірге асық атуға қатыстық. Көрме қонақтары осыдан соң Ж.Бектұров бюстінің қасында

суретке түсті.

Мектеп залына аудан, ауылдардан келген һәм қала тұрғындары жиналып қалыпты. Алғашқы кіріспе сөзді аудан әкімі Юрий Викторович алып, жерлес жазушысы туралы қысқаша мәлімет

берді. Содан кейін ол кісі туралы қысаметражды фильм көрсетілді. Бірінші сөз мемлекет және қоғам қайраткері Оралбай Әбдікәрімовке беріліп, ол Қарағанды қаласында бір кезеңде қызметтес болғанын және қала энциклопедиясын

жасауда көмегі тигенін сөз етті. Сонымен қатар, профессор, әдебиеттанушы Серік Негимов «Сәкеннің соңғы шақтары», зайыбы Гүлбаһрамның баласы Аяның жан тапсыруы кезінде Сталинді қарғауы, ССРО география қоғамының мүшесі бола жүріп, әр жерде Н.Нұрмақов туралы ескерткіштер ашудың ұйытқысы болғандығын тілге тиек етті.

Абай атындағы мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, белгілі ақын Серік Ақсұңқарұлы Жәкен ұстазы болғандығын айта келіп, ол кісі қайтыс болғанда шығарған «Қара шал» деген өлеңін оқып берді.

Келесі сөз қоғам қайраткері, ғылым докторы Бейбіт Баймағамбетұлы Мамырсаева беріліп, Қарағанды университетінде оқығанда Жайық Көгенұлының өткендер туралы шындыққа негізделген әңгімелерін тыңдағанын, доцент баласы Жәнібек XVIII ғасырдың поэзиясын жақсы талдайтындығы туралы айтты. Кезек Қазақстанның белгілі ақыны, халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты, осы мерейтойдан

кейін Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты болған Ғалым Жайлыбайға берілді. Ол Жәкеннің «Таңба» романының елу жылдан кейін шыққандығын, мазмұны жағынан Солженицынның «Гулаг Архипелагасынан» әлдеқайда кен де, шын екеніне тоқталды.

Сахнада Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі Қапаш Құлышева «Көкшетау», «Қалдырған», «Шырмауық» т.б., әндерді орындап, ақкөлдiктерлiң көңiлiн бiр көтерiп тастады. Қарағандылық филология ғылымының докторы Қойлыбай Асанұлы университетте өткен кездесуде Шәкәрімнің ақталғанын әрі ол туралы сүйінші сұрағанын, ол кісінің тірі энциклопедия екенін, керемет сауатты болғанын айтты.

Жиынның соңында жергілікті әншілер концерт қойып, «Ақ көлім» деген әнмен шараны аяқтады.

Шарадан соң қонақтар Қазы батыр мен Жәкеннің кіндік қаны тамған өңірлерде болып, аруақтарға зиярат етті.

Еркін ДӘУЕШҰЛЫ,
Қазақстан Республикасы мен Ақкөл ауданының Құрметті азаматы, жайықтанушы,
Астана қаласының ардагерлер кеңесінің медиа-тобының мүшесі

● ҚАЗЫНА

Төрехан МАЙБАС,
этнограф-жазушы

(Соңы. Басы №123, 126, 129 номерлерде)

«Бұралқыға бар өлім бөріге жоқ» деген сөз содан қалған. Қасқыр ішік деп сөйлейтін қазақ баласы қасқыртон деп сөйлемейді. Және керісінше бөрітон деп сөйлейтін бабаларымыз бөрі ішік деп айтапаған.

Демек бұл жерде де бір кілтіпанның болғаны.

Қасқырішік ең алдымен сыртаң, сырт киім. Сырт киім болғанда қысқы киім. Адам жанының қорғаны. Қалай дегенде боранды-шашындыдан бір адамның жанын алып қалады. Одан қалса салтанат киімі. Қасқыр-ішікті жанның айбары асып тұрады. Оны үлкен де, кіші де кие береді.

Бөрітонның жөні басқа. Оны кез келген адам кие бермейді. «Бөріұлтарактының жеті жерде үйі» бар деген сөз де тегін айтылмаған. Қырықтан асқан ер-азаматтардың барлығының ұлтарактары осы бөрі пұшағынан сырылған. Өйткені, ондай ұлтарак суыққа алдырмайды.

Ал, бөрітонды қырыққа дейінгі ер-азаматтарына кигізбеген. Қандай жағдайда болсын.

Себеп біреу, еркек шауқатын жасытқан... Бөрітонды азамат серігін суыққа алдырғанда, болмаса боранды күнде жолда қалдырғанда оған кесікті құн белгілеген. Оның айбанасына толық құн төлеген.

Ал, қасқырішіктіге ондай құн белгіленбеген.

Қазақтың Сексенбай, Тоқсанбайларының әкелері осы себептен бөрітонды болған. Қазақ ішінде бөрітонды қалау, болмаса бұйымтайға шығару болмаған.

Ал, тон иесі өзінің қалауына қарай бөрітонның сыйлай алған.

Тонды болыңыз! Бөрітонды...

ӨУЕК ЗАНЫ

Ақыл...
Көптің ақылы...
Аздың ақылы...
Жалғыздың ақылы...
Мына әлем құламай тұрса ақылға сүйеніп тұр!

Қасқыр ақылды жаратылыс. Ол жалғыз жүргенінде де, көптің ішінде жүргенінде де ақылынан ажырамайды, алжаспайды. Ол не нәрсені болсын ақылмен шешеді.

Олар әуекті де ақылмен құрады.

Ақылмен басқарады...

Әуектегі әрбір ақылды қасқырдың ұраны...

Бірі бөрі үшін...

Қасқырдың үйірін әуек дейді.
Орман жұрты стая дейді.
Әуекті басқаратын қасқырды әуекбасы дейді.

Орман жұрты вожақ дейді.
Осы жерден бастап дала жұрты мен орман жұрты арасында түсініспеушілік басталады.

Өйткені, орман жұртында альфа-самец, бета-самец, альфа-самка деген түсінік бар. Қисын бойынша альфа-самка болғандықтан бета-самка да болу керек еді. Алайда, айтылмайды. Өйткені, бета-самканың мәртебесі толық анықталмаған.

Әуектегі жалдардың барлығы да әуекбасылыққа ұмтылады.

Алайда, ондай дәрежеге жететіні некен-саяқ болады. Өйткені, әуекбасы болу екінің бірінің басына жазылмаған. Сондай себеппен өмірінің соңына дейін әуектің мүшесі (алғадай, тоспашы, шабуылшы, қарауыл) болып жүре беруі мүмкін.

Бұл – табиғат заңына қарсы жайт. Бұл – нонсенс. Өйткені, он сегіз мың мақұлықат әлемі көбею үшін жаралған.

Сонда қалай болғаны?
Кез келген жанды мақұлықат ең алдымен тамағына тәуелді. Бірінші кезекте қорек тұрады. Екінші кезекте қауіпсіздігі тұрады. Үшінші кезекте ғана көбеюі тұрады.

Әуектің заңы осы үш ұстыңа негізделген. Қасқыр дүниесі осы үш мәселені шешу үшін әуекке бірігеді.

Қоғамдасып қорек табады...

Қоғамдасып қорғанады (қауіпсізденеді)...

Қоғамдасып көбейеді...

Анығы қоғамдасып көбеймейді...

Әуекбасының жазбай тануға болады.

Оның құйрығы қайқы жүреді. (Осы жерде «Ауыл итінің құйрығы қайқы» деген мәтелді еске түсіріңіз). Қалғандарының қысыңқы (түсіңкі) болады. Оның ішінде өзгенің ақылымен жүретіндері құйрықтарын қысып жүреді.

Бұтына.

Кім әуекбасы болады, болмаса бола алады?

Әуекбасы әуектегі ең азулысы...

Ең қарулысы...

... емес.

Керісінше ең ақылдысы!

Әуек ақылға бағынады!

Әуек ақылды мойындайды!

Орман жұртының альфа-самеці бізде бөрі аталады.

Альфа-самка бізде бөрте аталады.

Бөртеңі бөрі таңдайды.

Әуектегі жұптасатыны осы екеуі – бөрі мен бөрте!

Бұлар бір-ақ рет жұптасады. Оларды тек өлім ғана айырат.

Сонда әуекбасыны кім алмастырады?

Бета-самец дейді орман жұрты.

Қосы дейді бізде. Ел ішінде әуекқосы деп те айтушылық бар.



Тәңірқұт

Бұл өте күрделі өтетін процесс.

Әдетте бір әуектегі қасқырлардың барлығы бір ата-анадан (бөрі-бөрте) тарайды. Ал қасқыр өзінің анасымен, қарындасымен, қызымен жұптаспайды. Бұл көктен түскен пәрмен.

Олай болса бөртеңі ол басқа әуектен іздейтін болады. Мұндай жағдайда әуектің бөртесі алғашқы мәртебесінен айырылып, жай ғана әуек мүшесі болып қалады.

Әуекбасы ақылды болса әуек те ақылды болады. Мұндай әуек өзі де өмір сүреді, басқаларына да өмір сүруіне жағдай жасайды.

Мұндай әуектер әуек заңын қатал ұстанады. Және оған өздерінің қажеттілігін сыналап та болса енгізеді.

Әуек қатарынан шығып қалған бұралқылардың өз әуегіне қайтып баруы некен-саяқ болады. Көп жағдайда қабылдамайды. Өйткені, ол бөрі болам деп саяқтанған жоқ па? Ал, оның өзі шыққан әуегінде бөрте болатын шуландар жоқ қой. Болса ол анасы, болса қарындасы, болса апасы.

Алайда, басқа әуектің өз қатарына қосып алуы әбден мүмкін. Өйткені, әуекбасы одан өзін көреді. Өйткені, бұралқы бөрілікке ұмтылған өжеттісі, ақылдысы ғой. Бұралқы басқа әуекке қабылданғанда ол жаңа міндет атқаратын болады. Ол қосы болады. Ол әуекбасының сүйеніші болады. Ол әуектегі үшінші қасқыр болады (әуекбасы – бөрі, бөрте, қосы).

Әуекбасы мерт болғанда оның орнын осы қосы басады.

Қосы әуектегі бөртеге бөрі бола алады. Алайда, көктен түскен пәрменіне орай бөртеңіз бас тартуы әбден мүмкін.

Ондай жағдайда бөртеңі әуектегі шуландар қатарынан таңдайды.

Ал бөрте мерт болғанда бөрі бөртеңі басқа әуектен іздейді.

Әуекті екі қасқыр (бөрі, бөрте) құрады деу де асылық. Әуекті үш қасқыр құрайды (бөрі, бөрте, бөлірік). Бөрте түрлі себептермен күшіктемейтін болса әуек тарайды.

Әуекте осылайша үш қасқыр да, отыз қасқыр да бола береді. Әуектегі қасқыр саны қаншалықты көп болса соншалықты қуатты болады.

Осындай қорғағар санына қарамастан әуектер бейбіт өмір сүреді. Олар бірінің шекарасына бірі кірмейді. Үлкен әуектер кіші әуектерге күш, болмаса қысым көрсетпейді. «Қасқыр да қас қылмайды жолдасына» деген осы.

Қажет болған жағдайда әуектер бір-бірімен қосылып, суперәуектер құрады. Оны да әуекбасы басқарады. Ол суперәуекбасыны абадан дейді.

Әуектер механикалық топ емес, тобыр да емес. Өзінің ішкі заңдары бар кемел құрылым. Үнемі қозғалыста тұратын тірі ағза. Көбейіп жатады, азайып жатады. Әуектің ішкі заңдылықтары ондағы қалыпты ахуалды қалыптастырады. Өмір сүру ахуалын.

Ол заңды ешкім де бұза алмайды. Бұзам дегеннің өзінде бұзу мүмкіндігі жоқтың қасы. Өйткені, ол әуектің күйреуіне соқтырады. Сондықтан да кез келген әуек оқыс жағдай (өрт, жер сілкінісі, басқа да табиғат апаттары) болмаса өсіп-өркендейді, кемелдене түседі.

Қасқыр жалғыз болғанда өзін өзі қорғай алмайды. Екеу болғанда ол енді өзін де, серігін де қорғай алады.

Әуектегі қасқырдың әрқайсының өз орыны бар.

Жау тап бергенде үлкен-кіші, еркек-ұрғашы демей жаппай қорғанады.

Өмір сүру ортасының асың кеніткен, болмаса басқа да жағдайға байланысты сойқандарға тек алғайды топ қатысқан.

Қарақұлақтары серек тартпайынша ешқандай оқыс қимылдарға (аң аулау, сойқан) бармайды.

Иттер де, қасқырлар да бір-бірімен қырқысады. Кешегі үлкендеріміз оларды ит-төбелес, қасқырсойқан дейтін. Қасқырлар арасындағы сойқан негізінен жер үшін, қорек үшін өтеді. Сол сойқанға қатысқан қасқырлар бірін-бірі жарып тастамайды. Тіпті, жаралауға да бармайды.

Әуекбасы әуектегі бірде бір жалды, болмаса шуланды таламайды. Және өзгелерінің бірін-бірінің талауына жол бермейді.

Әуек үш топтан тұрады.

Бірінші топты әуекбасы басқарады. Ол топты алғадай топ дейді. Оған жалдардың ең азулылары топтастырылады.

Екінші топты әуекқосы басқарады. Ол топты әуектің құртандары, серектері құрайды.

Үшінші топты бөрте басқарады. Үшінші топты негізінен шуландар құрайды.

Сойқандарға түсетіні әуектің бірінші және үшінші топтары.

Қасқыр жаракат алған жағдайда оны әуек болып күтеді және әуек болып қатарға қосады.

Сойқандардан, болмаса аңшылықтан мүгедектік алған қасқырлар әуектің ерекше қамқорлығында болады.

Аңшылыққа барынша даярланып шығады. Мәселен, суатқа қашан құлайды, қанша бас, қашан құлайды, келер жолы қайсы, қайтар жолы қайсы. Мұны әуектің қарауылдары атқарады.

Шабуылдарды үнемі әуекбасы бастайды.

Аңшылықтан түскен олжаны қылдай бөліседі.

Әуекте үш қарауыл (қасқыр) болады.

Үш топтың тыныштығы, қозғалысы осы қарауылдарға байланысты.

Шуланның (бөртеңің) әуекті басқаратыны болады.

Ондай әуекбасыны құртқа дейді. Мұнан әуектің заңы өзгермейді.

Осы жерде еске башқырт жұрты еске түседі.

Олар өздерін басқұрт дейді...

Әуекті құру қиындықпен өтеді. Есесіне оның ұйымшылдығы, топшылдығы кемел болады.

Олар селбесіп өмір сүруді игереді. Оның ең бастысы – ауызбіршілігі.

Әуектің өміршеңдігін жалғыздың да ақылы, көптің де ақылы шешеді.

Олардың ұстанымы жаға ұстатады.

Бөрі бірі үшін...

Бізге осы ұстаным жетпей жатыр-ау...

АБАДАН

Менің соңғы постым осындай жазбаммен қалған болатын. Жолсапарға шығып кетіп, әрі қарай жалғастыру мүмкіндігін болмай қалып еді.

Үн-түсізді қала салуыма да болушы еді. Алайда, әңгіме қазақ баласының ұлттық коды – қасқыр туралы еді...

Әңгіме Ұлытаудағы тоғыз (кей ақпаратта он) метрлік қасқырға арналған ескерткіш туралы. Бұл жөнінде БАҚ беттерінен оқып, берекесін берсін, мұны қолға алған азаматтарға абырой жазсын деп тілеулес болдық.

Отандық БАҚ жарыса жазды. Мұндай алып ескерткіш ТМД кеңістігі тұрсын, бүкіл әлемде жоқ деп.

Сөз жоқ, Ұлытау десе-ақ бір бүйрегіміз бұрып тұрады. Ұлттық руханиятта өзіндік орындары бар Әнуар Омаров және Берік Әбдіғали бауырларым басқарған ауданның кейінгі уақыттағы өзгерісі ғаламат-ақ! Ұлт ұясы – Ұлытауды ұлықтауда сөзден іске көше бастағанымызды осы бір ескерткіштен-ақ көруге болатын еді. Қыруар қаржы құйылып жатқанын да естіп отырмыз. Кешендік құрылыстың қанатын қомдай түскенін де көзімізбен көрдік.

Теніздің дәмін тамшысынан-ақ білуге болады. Осы ескерткішті көріп қатты ойланып қалдым. Біреу төбемнен суық су құйып жібергендей болды.

Қасқыр жөнінде кейінгі уақытта үлкенді-кішілі жиырма шақты мақала жазыппын. Менің де білмейтінім баршылық шығар. Осы ескерткішті көріп бетімнен бастым. Мен мақау екенмін...

Ұлттық рухқа арналған жәдігер ғой, аяғынан шыға кетейінші деп... күн салып қарамаймын ба?

Сізге өтірік, маған шын – таппадым...

Іздегенімді таппадым...

«Бұл қазақтың басын қосатын ескерткіш...»

Отандық БАҚ осылай жалаулатып жатты. Бәрі дұрыс-ау, алайда, оқыған нағандығымыздың бізден қалмай келе жатқан-

дығын нақ осы ескерткіш анық танытты.

Осы ескерткіш туралы кім не жазбады.

Біреулеріміз қасқыр деп жалаулаттық...

Енді біреулеріміз көкбөрі деп жалаулаттық...

Тағы біреуіміз Ашина деп жазуға дейін бардық...

Ау, сонда осы ескерткіштің құдіретін түсіндіре алатындай бабаларымыздың тіл қорында сөз болмағаны ма?

Болғанда қандай?

Абадан!..

Бұл ескерткіштің атауы – Абадан болу керек!

Қасқырдың үйірін әуек дейді, әуектің көсемін әуекбасы дейді. Ал, бірнеше әуек біріккенде әуекбасылардың көсемін – абадан деген!

Өкінішке қарай мен іздегенімді таппадым!

Абадан дейін десем құт белгісі жоқ!

Құртқа дейін десем емшек безінің орны көрінбейді.

Сонда?

Содан қойшы, шегіншектеп қарайым...

Анық көрініп тұр.

Жалды екен!

Қуанып қалдым. Мақау емес екенмін.

Жал тек еркек қасқырларда болады. Бабаларымыз қасқырдың арланын жал деген.

Шынымен жал екен!

Ал, жалдық белгісі қайда?

Ескерткішті әрі қарап, бері қарап ондай белгі безді таба алмадым.

Әлде мутант қасқыр болды ма екен?..

Ертең бе, бүрсікүні ме бұл ағаттығымыз да түзелер...

Сонда жаңа бір қателікке жол бермейікші!..

Жалымызға емшек безін салып қоймай-қышы!..

Оқыған нағандығымыз бізден қашан қалар екен?

ТӘНІРҚҰРТ

Сонымен жазбамыздың тақырыбына қайтып оралдық!

Тәнірқұт!

Алматыда, «ҚазАқпаратта» жүргенімде біраз жұртпен араласып, дәмдес болдық. Соның бірі – аяулы Зейнолла Сәнік ағамыз еді.

Маңғаз ағамыз сөзге сараң еді. Оның ішінде Құдай сөзіне.

Алайда, біздің әңгімеміз жарасқан. Баспамызға келіп тұрды. Әңгімелесу үшін.

Бұл әңгімені сол кісіден алып қалған едім.

Қандай мақұлықат болсын табиғатынан аса алмайды.

Қорегін соғысып жүріп табады.

Өзін соғысып жүріп сақтайды.

Соғысып жүріп көбейеді.

Ұлы табиғаттың жаратқаннан салып қойған инстинкті (түйсігі) бар. Ол қандай жағдайда болсын – көбеюі!

Табиғатта бөрі кездеседі.

Аталығы болмай-ақ көбею бар...

Аналығы болмай-ақ көбею бар...

Сол жаратылыстың средний род болуы мүмкін емес!

Біздің түсінігімізде.

Жоқ, болады екен!

Бөрісырғақта бөрі мен бөрте ғана өз табиғатынан аумады!

Қалғаны өз табиғатынан бас тартады.

Мұның бөрі көкпен!

Онан кейін де аяғына жетпеуі мүмкін.

Қысыр қалуы мүмкін...

Алайда, қасқыр емес!

Жалқы да болса әкеледі.

Бөрте дүниеге өзі тектесті әкеледі!

Бұл көктің таңдауы!

Мұны Тәнірқұт дейді!

БҮЛ ЖАЗБАМЫЗДЫҢ ТҮЗДЫҒЫ
Қазір қасқыр аулауға бізде тыйым салынған. Соған орай қасқырдың етіне, ішек құрылысына, өтіне, тұяғына деген сұраныс аспандан тұр. Әлемде адам сауласы жүріп жатқанда тәйірі бұл сауда болып па?!

«ҚЫС – 2022»

Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Қар борап, қалың тұман түсті. Ал, жолаушыларға күн райы жөніндегі ақпаратты Төтенше жағдайлар департаментті мамандары толассыз жолдауда. Десе де, ақ түтек боран мен көк мұзға қарамастан жолға шығып, қалып қоятындар да аз емес. Жолда қалған жолаушыларға көмек беретін төтенше жағдайлар қызметі. Департамент қызметкерлері құтқарушы топтар мен құралдарды басқару органын даярлау мақсатында «Қыс 2022» республикалық командалық-штабтық оқу-жаттығу жиынын бастап кетті.

Қазір облыс аумағында ұзындығы 747 шақырым болатын 590 қар қалың түсетін жол учаскесі қатаң бақылауда. 31 жылу пункті мен алты трассалық медициналық-құтқару пункті де іске қосылған. Бұдан бөлек, 355 қызмет көрсету нысаны жұмыс істеп тұр. Қазіргі уақытта 76 бірлік жоғары өтімді және инженерлік жабдық сақдай сай. Оқыс оқиға болған жағдайда барлық жерүсті көлік жұмылдырылады. Теміртау қаласы мен Осакаровка, Қарқаралы, Ақсу-Аюлы ауданы, Атасу мен Молодежный кенті қар көп түсетін аймақтардың бірі. Мамандар тәжірибесіне сүйене аталмыш аймақтарға тиісті көлік құралдарын жіберген.

Облыс әкімінің орынбасары Вадим Басиннің қатысуымен жиын өтті. Жиында төтенше жағдайлардың алдын алу және оны жою үшін біршама тапсырмалар берген еді. Қазір сол тапсырмалар жоспарға сәйкес орындалуда. Көліктердің және қызметкерлердің дайындығын пысықтау мақсатында оқу-жаттығу жиынын өткізудеміз. Қолда бар техниканың бәрін қолданысқа шығардық. Дегенмен, біразы ескірген. Жыл сайын кезең-кезеңімен жаңартып келеміз. Жергілікті бюджеттен ақша бөлініп, техникалық және материалдық базамыз да жаңартылуда. Жоғарғы өтімді техникаларды шалғай аудандарға бөліп бердік. Ауылдық жерге қар қалың түскен уақытта осындай көліктер ғана



Құтқарушылар қар құрсауында қалдырмайды



жүреді. Сондықтан, алдын ала әр аудан-ауылдарға жеткізіп қойғанбыз, – деді Төтенше жағдайлар департаментті басшысының міндетін атқарушы Ақылбек Ахметжанов. Оқу-жаттығу жиыны Қарағанды-Астана бағытындағы жолдың жабылатын пунктінде болды. Бұл – көлік көп қатынайтын үлкен жол. Қажет техникалар осында жеткізіліп, жылу пункті құрылған. Сондай-ақ, қажетті дәрі-дәрмек пен азық-түлік жеткізілген. Оқу-жаттығу барысында құтқарушылар дабыл іске қосылысымен жоғалып кеткен адамды іздеуге

шықты. Іздеу жұмыстары үш бағытта жүргізілді. Әуелі арнайы техника мен моторлы шапаның көмегімен межелі жерге барып, маңайды шолып шықты. Екінші топ неміс тұқымды итердің көмегімен әлгі жоғалған тұсты іздеуге кірісті. Ал, ендігі бір топ тікұшақ арқылы көктен көз тастап, төмендегілерге бағыт-бағдар нұсқады. Жоғалған адамды тапқаннан кейін құтқарушылар жақын арадағы құтқару пунктіне жеткізіп, алғашқы көмек көрсетті.

– Эмма есімді бес жасар

ит – неміс Овчаркасы. Біз итер үшін арнайы семинарлар өткізіп, олармен жаттығу жұмыстарын жүргіземіз. Арнайы тапсырмадан өтпесе бұлар іздеу жұмыстарына қатыстырылмайды. Бұл итпен құтқару жұмыстарына қатысып жүргеніме біраз болды. Әзірге «ешкімді таппады» демесеңіз, иіс сезу қабілеті жоғары. Итерді күшік кезінен бастап үйреткен дұрыс. Қазір Эмма бұйрықтың бәрін түсінеді. Біраз жасқа келгенде бабына келген керемет құтқарушы болатынына сенімдімін, – деді Қарағанды қалалық жедел құтқару жасағының бас құтқарушысы Талғат Қалдыбеков.



ХАБАРЛАНДЫРУ

«БАС сауда-энергосіптік компаниясы» ЖШС Қарағанды облысы Шерубай-Нұра көмір ауданы кеніш шекарасында №10 кен орнының №2 учаскесін өнеркәсіптік игеру бойынша тау-кен жұмыстары жоспарына қоршаған ортаны қорғау жобалары бөлімі бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізетінін хабарлайды. Реттеу; – Қарағанды облысы Шерубай-Нұра көмір ауданындағы №10 кен орнының №2 учаскесі үшін шахтаның шекарасындағы рұқсат етілген шығарындылар нормативтерінің жобасы; – Қарағанды облысы Шерубай-Нұра көмір ауданындағы №10 кен орнының №2 учаскесінің булану тоғанына шахта шекарасында түсетін рұқсат етілген төгінділердің нормативтерінің жобасы; – Қарағанды облысы Шерубай-Нұра көмір ауданындағы №10 кен орнының №2 учаскесі үшін кеніш шекарасындағы қалдықтарды басқару бағдарламасы; – 2023-2032 жылдарға арналған «БАС» коммерциялық-өнеркәсіптік компаниясы» ЖШС үшін қоршаған ортаны өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасы; – 2023-2032 жылдарға арналған қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар жоспары.

Қоғамдық тыңдаудың басталатын күні, уақыты және орны 2022 жылғы 27 желтоқсанда сағат 10:00 Қарағанды облысы, Абай ауданы, Абай қаласы, Абай көшесі, 26 «Абай қаласы әкімінің аппараты» ММ мекенжайы бойынша.

Шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин енгізілген жағдайда қоғамдық тыңдаулар Zoom қосымшасы арқылы онлайн режимде өткізіледі.

Zoom конференциясына онлайн қосылуға сілтеме: <https://us05web.zoom.us/j/6913820267?pwd=VTc0TndHL0dqQnRZVm9iS2NuL1Q4dz09IDenfikatory:6913820267>. Кіру коды: sV0iA8

Материалдармен бірыңғай экологиялық порталда танысуға болады: <https://ecoportal.kz>

Ескертулер мен ұсыныстар <https://ecoportal.kz> сілтемесі және Қарағанды қаласы, Лобода көшесі 20, мекенжайы бойынша қабылданады. тел. 8 (7212) 56-81-66, expertiza.upr_krg@mail.ru.

Қосымша ақпаратты «ӨК АлГеоРитм» ЖШС – info@algeoritm.kz, 8 702 888 33 77 тел., арқылы алуға болады.

Жоспарланған іс-шараның бастамашысы «БАС сауда-энергосіптік компаниясы» ЖШС, БСН 010840001850, Кәсіпорынның заңды мекенжайы: 100003, Қазақстан Республикасы, Қарағанды облысы, Абай ауданы, 3 шағын ауданы, 43 ғимарат.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

ТОО «Торгово-промышленная компания «БАС» сообщает о проведении общественных слушаний по Проектам Раздел охраны окружающей среды к плану горных работ промышленной разработки участка №2 шахтного поля №10 Шерубай-Нуринского угленосного района Карагандинской области в границах разреза. Корректировка; – Проект нормативов допустимых выбросов (НДВ) для участка № 2 шахтного поля № 10 Шерубай-Нуринского угленосного района Карагандинской области в границах разреза; – Проект нормативов допустимых сбросов (НДС), поступающих в пруд-испаритель участка №2 шахтного поля №10 Шерубай-Нуринского угленосного района Карагандинской области в границах разреза; – Программа производственного экологического контроля окружающей среды для ТОО «Торгово-промышленная компания «БАС» на период 2023-2032 гг.; – План мероприятий по охране окружающей среды на период 2023-2032 гг. Дата, время и место начала проведения общественных слушаний 27.12.2022 года в 10:00 по адресу Карагандинская область, Абайский район, г.Абай, улица Абая, 26 ГУ «Аппарат акима г. Абай».

В случае введения ограничительных мероприятий, в том числе карантина, общественные слушания проводятся в онлайн режиме через приложение Zoom.

Ссылка на онлайн подключение к конференции Zoom: <https://us05web.zoom.us/j/6913820267?pwd=VTc0TndHL0dqQnRZVm9iS2NuL1Q4dz09IDenfikatory:6913820267>. Код доступа: sV0iA8 всех заинтересованных лиц приглашаем принять участие.

С материалами можно ознакомиться на Едином экологическом портале <https://ecoportal.kz>.

Замечания и предложения принимаются: по ссылке <https://ecoportal.kz> и по адресу г. Караганда, ул. Лобода 20, тел 8 (7212) 56-81-66, expertiza.upr_krg@mail.ru.

Дополнительную информацию можно получить: ТОО НПК «АлГеоРитм» – info@algeoritm.kz, сот. 8 702 888 33 77.

Инициатор намечаемой деятельности — ТОО «Торгово-промышленная компания «БАС», БИН 010840001850, Юридический адрес предприятия: 100003, Республика Казахстан, Карагандинская обл., Абайский район, г. Абай, микрорайон 3, строение 43.

Еске алу

Маржангүл Рымбекқызы ЖУМАДИЛОВА

М.Мамыраев атындағы ауылының тумасы, әріптесім, құрбым.

Жүрек сыздап, еңсе түсіп егілеміз, Ойсыраған орнына қараймыз да. Кетсе де көзден ғайып, көңілден кетер емес асыл бейнең. Жәннатта жаны болсын деп сұраймыз, Алладан дұға қылып ертелеі-кеш. Періште боп ұшып кеттің аспанға.... Көре алмай тіршіліктің көп қызығын. Тата алмай шаттық өмір тәттілігін. Жарқырап келе жатқан жұлдыз едің, Өттең-ай! Ерте сөнді-ау, от ғұмырын. Сені мәңгі ұмытпаймыз! Ендігі мекенің тек жұмақтың төрі болсын.

Еске алушы: құрбысы – Бибігүл Нұрбаева

№767

БІЛІМ ОШАҚТАРЫНДА

Алаш айлығы аясында



Ерқанат КЕНЕСБЕКҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

«Ұлттың ұлы тұлғасы». Осындай тақырыппен Қарағанды қаласындағы №86 орта мектепте журналистермен кездесу өтті. Шара Балалар жылы, Тәуелсіздік күні және Алаш автономиясының құрылғанына 105 жыл толуына орайластырылды. Мақсат – Әлихан Бөкейхан, Ақбайдың Жақыбы, Әлімхан Ермеков, Ахмет Байтұрсынұлы ұстанымдары мен шығармашылығын жас ұрпаққа насихаттау. Спикерлер ретінде абайтанушы ғалым, ақпараттық технологиялар маманы Сұлтан Ыбырай мен журналист-публицист, «Astana aqshamy» газетінің шеф-редакторы Төлен Тілеубай оқушылармен ой бөлісті.

Сұлтан Ыбырай Алаш көсемі Ә.Бөкейханның қолжазба дүниелеріне қатысты тың деректермен, орамды ойларымен бөлісті. Мектеп оқушылары ұлт мұраты, тәуелсіздік талабына қатысты алуан түрлі сауалдарын жолдап, қазақ қайраткерлерінің тұлғалық болмысын жан-жақты танып-білуге мүмкіндік алды.

Төлен Зәрубайұлы оқушылар мен мұғалімдерге Алаш аманаты мен Тәуелсіздік мұраты, отансүйгіштік пен ұлтжандылық тұрасындағы ой-пікірін ортаға салды. Кездесу соңына таман өзінің ел Тәуелсіздігінің 25 жылдығына орай

жарық көрген «Тәуелсіздік — тұмарым» және биыл бастапан шыққан «Цифрлық жолайрық: Қазақстан газеттерінің бүгіні мен ертеңі» атты кітаптарын мектеп ұжымына сыйға тартты. Мектеп директоры Гүлдана Асамиданова қонақтарға ілтипат білдіріп, оқушыларға елтану тұрғысында әсерлі әңгіме өрбіткені үшін алғыс айтты. Кездесуді ұйымдастырған қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімдері Багира Сағындықова мен Айгүл Бейсенбина әсерлі, мағыналы жүзdesудің мұғалімдер мен балалардың көңілінен шыққанын жеткізді.

Қарағанды Шинсервис

Арайны дилер «Алтайский шинный комбинат» ААҚ «Росава» ЖАҚ «Матадор» ЖАҚ

ШИНАЛАР

- жеңіл автокөліктер үшін
- жеңіл жүк көліктері үшін
- тракторлар және ауыл шаруашылығы техникалары үшін
- арнайы техникалар үшін

БӘ АРҒАН ШИНАЛАР САТПАЙМЫЗ, БӘ АРҒАНДҰ БАРАҒА САТАМЫЗ

Қарағанды қ.қойма:Асфальтнa көш., 22, дүкен: Бытовaя көш., 14/1 тел. 8 707 80 35 800

Хабарландыру

«ҚазТрансГаз Аймақ» акционерлік қоғамының Қарағанды өндірістік филиалы ЖШС ҚР Экологиялық кодексінің 96-бабының талаптарына сәйкес, 2022 жылғы 28 желтоқсанда сағат 11:00-де Қарағанды облысы, Қарағанды қ. а., Қарағанды қ., Ермеков к-сі 104/1, «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ Қарағанды ҚФ мекенжайы бойынша «Қарағанды қаласының «Сары-Арқа» МГ АГРС – «Қарағанды» МГ газ тартату желілерінің шығарындылары көздерінен атмосфераға жол берілетін шығарындылар нормативтерінің жобасы бойынша және 28 желтоқсан сағат 15:00-де Қарағанды облысы, Теміртау қ. а., Теміртау қ., Тәуелсіздік бульвары к-сі, 12, Теміртау қаласы әкімдігінің ғимараты мекенжайы бойынша «Теміртау қаласының «Сары-Арқа» МГ АГРС – «Теміртау» газ тартату желілерінің

Хабарландыру

шығарындылары көздерінен атмосфераға жол берілетін шығарындылар (ХДВ) нормативтерінің жобасы бойынша ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдау өтетінін хабарлайды.

Жобалық құжаттама пакетімен бірыңғай экологиялық порталда (<https://ecoportal.kz>), сондай-ақ ЖАО сайтында танысуға болады <https://www.gov.kz/memleket/entities/karaganda-tabigat?lang=ru>.

Барлық ескертулер және / немесе ұсыныстар бірыңғай экологиялық порталда (<https://ecoportal.kz>) қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірмейтін мерзімде қабылданады.

Төтенше жағдай және (немесе) шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар енгізілген жағдайда

Объявление

ТОО «Карагандинский производственный филиал акционерного общества «КАЗТРАНСГАЗ АЙМАК» в соответствии с требованиями статьи 96 Экологического кодекса РК, сообщает, что в 11 часов 00 мин. 28 декабря 2022 года по адресу Карагандинская область, Караганда Г.А., г.Караганда, ул. Ермекова 104/1, Карагандинский ПФ АО «КазТрансГаз Аймак» по проекту «Проект нормативов допустимых выбросов (НДВ) в атмосферу от источников выбросов газораспределительных сетей города Караганда от АГРС – «Караганда» МГ «Сары-Арқа», а также в 15 часов 00 мин. 28 декабря по адресу Карагандинская область, Теміртау Г.А., г.Теміртау, ул. Бульвар Независимости, 12, здание Акимата города Теміртау по проекту Проект нормативов допустимых выбросов (НДВ) в атмосферу от источников выбросов

Объявление

газораспределительных сетей города Теміртау от АГРС – «Теміртау» МГ «Сары-Арқа» состоятся общественные слушания в форме открытого собрания.

С пакетом проектной документации можно ознакомиться на Едином экологическом портале (<https://ecoportal.kz>), а также сайте МИО <https://www.gov.kz/memleket/entities/karaganda-tabigat?lang=ru>.

Все замечания и/или предложения принимаются в срок не позднее 3 рабочих дней до даты проведения общественных слушаний на Едином экологическом портале (<https://ecoportal.kz>).

В случае введения чрезвычайного положения и (или) ограничительных мероприятий, в том числе карантина, чрезвычайных ситуаций социального, природного и техногенного характера, общественные слушания проводятся в онлайн-режиме. Активная ссылка будет предоставлена на Едином экологическом портале (<https://ecoportal.kz>) и на сайте МИО <https://www.gov.kz/memleket/entities/karaganda-tabigat?lang=ru>.

Ссылка на онлайн подключения https://us04web.zoom.us/j/3208449619?pwd=jPdWJlD8KqR_11TMVqFqKqYtQnXbvgIDenfikatory:3208449619

Пароль: 8dxVxQ

Дополнительную информацию можно получить по адресу Карагандинская область, Караганда Г.А., г.Караганда, ул. Ермекова 104/1, а также Теміртау Г.А., г.Теміртау, ул. Бульвар Независимости, 12, здание Акимата города Теміртау и по телефону 87053452360.

№299

№296

● МӘДЕНИЕТ ОШАҚТАРЫНДА

«Кемел ойдың кеніші, кенен сөздің өрісі»

Жайық Бектуров атындағы Қарағанды облыстық балалар мен жасөспірімдер кітапханасында «Тарих.Тұлға.Тағдыр» жобасы аясында жазушы, қоғам қайраткері, ғұлама ғалым Мұхтар Әуезовтің 125 жылдығына арналған «М. Әуезов – әлемдік тұлға» атты оқырмандар конференциясы өтті.

Жансая СӨРСЕНБАЙҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»



Жалпы аталмыш конференцияның мақсаты – жасөспірімдер арасында Мұхтар Әуезовтің шығармашылық мұрасын насихаттау, жазушының әлемдік мәдениетке қосқан үлесі туралы білімдерін жүйелеу, адамгершілікке, отансүйгіштікке тәрбиелеу, кітап оқуға баулу, шығармашылық қабілеттерін дамыту.

Іс-шараға ғалымдар, филологтар, ұстаздар, Қарағанды қаласының ардагерлер кеңесінің мүшелері, оқушылар мен студенттер қатысты.

Оқырмандар конференциясында, ҚР Мәдениет қайраткері, ҚР Білім беру ісінің үздігі, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі Мәуен Хамзин (Қарағанды қ.), М.Әуезовтің немересі, М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты «Әуезов үйі» ғылыми-мәдени орталығының директоры Диар Қонаев, «Әуезов үйі» ғылыми-мәдени орталығының жетекшісі ғылыми қызметкері, бас қор сақтаушысы Салтанат Мұқатаева, М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының Жас ғалымдар кеңесінің төрағасы Нұр Мағазбеков, «Әуезов үйі» ғылыми-мәдени орталығының ғылыми қызметкері Шолпан

Әмірбаева, ақын, Қарағанды қаласының ардагерлер кеңесінің мүшесі Қабиден Байбосин, Павлодар қаласының М.Әуезов атындағы ЖББМ орыс тілі мен әдебиет мұғалімі Лаура Омарова және Беларусь Республикасы, Минск қаласындағы М.Әуезов атындағы №143 орта мектебі директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Татьяна Букалая мен 11-сынып оқушылары – Матвей Комар және Алена Лабковская (Беларусь Республикасы, Минск қ.) сөз сөйлеп, баяндама жасады.

– Ұлы жазушы, данышпан ойшыл, ғұлама ғалым, асыл азamat Мұхтар Әуезовтің туғанына биыл 125 жыл толып отыр. Дүниеге қазақ перзенті болып келіп, адамзат перзенті болып аттанған Мұхтар Әуезов тағдыры – талай ақиқатқа қапысыз көз жеткізетін тағылым мектебі. Заманмен бірге тебіреніп, мәңгілікпен үндесе білудің айқын өнегесі. Бар қазақты «Абай жолы» арқылы төрткүл дүниеге мәшһүр еткен ұлы суреткер Мұхтар Омарханұлы кемел ойдың кеніші, кенен сөздің өрісі. Қазақ әдебиетінің барлық жанрына тұңғыш рет қалам тербеп, сол арқылы тіліміздің шұрайын,

еліміздің шырайын танытқан қарымды қаламгер, дарынды ғалым туралы аңызға бергісіз әңгіме көп. Жалпы, Мұхтар Әуезовтің данышпандығы да бар. Неге десеңіз ол сталиндік солақай саясаттың үстемдігінде жүріп-ақ, Құнанбайды ұлықтай алды десек жалған емес. Ол Абайды Абай еткен Құнанбай екенін шығармада жасырын көрсетті. Осынысынан-ақ біз Мұхтарды кешегі Әлихан Бөкейхан бастаған ұлт жанашырларының соңғы көші дей аламыз, – деді филология ғылымдарының докторы, профессор Мәуен Хамзин.

М.Әуезов өмірі мен еңбегінің халық үшін каншалықты маңызды болғанын кейін тарихтың өзі дәлелдеді. Ол аласапыран кезеңдерде халқымыздың талай рет үзіліп қала жаздаған мәдени-рухани арқауына, ұлттық сана сезіміне дөнекер болып, кешегі күннен бүгінгі күнге аман жетуіне себепкер болды.

Осылайша М.Әуезовтің өмірі мен шығармашылығы туралы студенттер өз ойларын ортаға салды. Олар аға буын өкілдерінің тұшымды ойы мен пайымдарынан жазушы Мұхтар Әуезовты басқа қырынан танығандай болды.

Сенсацияға толы доп додасы



Әлем чемпионатының Е, F, G, H тобы да алғашқы айналымды тәмамдады. Биылғы әлем чемпионатында жанкүйерлер күтпеген тосын оқиғалар тіркелуде. Өткен жолы Аргентина құрамасы арабтардан жеңіліс, бұл жолы аты шулы немістер де ұпай еншілей алмады. Жалпы, осы бәсекеде азиялық құрамалардың айы оңынан туып тұр.

Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Е ТОБЫ

Испания құрамасы мен Коста-Рика кездесуінде ірі есеп тіркелді. 7:0 есебімен ойын испандардың пайдасына шешілді. Бұл жерде испандардың жеңетіні әу баста белгілі-тін. Алайда, «жеті голды бірден салады» деп ешкім күтпесе керек. Әзірге Испания құрамасы бір матчта ең көп гол салған командалардың көшін бастады.

Испания құрамасының бас бапкері Луис Энрике мүйізі қарағайдай ойыншыларын босатып, құрамаға жастарды жасақтаған. Жанкүйерлері «жастарда тәжірибе жоқ» деп күмәнданғанмен, бапкер тәуекелге бел байлады. Ал, Энрикенің шәкірттері нәтижесін алғашқы ойында-ақ көрсете алды.

Осы жолы Коста-Рика топтық кезеңнен шыға алмайды деп айта беруге де болатын шығар. Олай дейтініміз, егер қарсыластарымен ұпай теңестіргеннің өзінде өткізген жеті голы алдынан шығатыны сөзсіз. Екіншіден, немістерді таптап өткен жапондардан айласын асыра алар ма екен? Бірақ, бәрі де болуы мүмкін...

Германия мен Жапония құрамасы арасындағы кездесу 1:2 есебімен жеңіс жапондардың еншісіне жазылды. Қарқыны қатты немістердің жапондардан ұтылғаны қалай? Бәрін емес, бірін ай-



тайық. Қорғанысына баса назар аударған азияттықтар осылай немістерден айласын асырды. Енді осы қорғанысымен испандарға төтеп бере алар ма екен?

F ТОБЫ

Бельгия құрамасының қарқыны – жаман емес. Алғашқы кездесуде 1:0 есебімен Канада құрамасынан басым түсті. Бұл ойында канадалықтардың жеңуге мүмкіндіктері бар еді. Өкінішке қарай, айып добын соға алмай қалды. Одан бөлек, қақпаға бағыттаған соққылары тым әлсіз әрі айдала кетті. Салдарынан, мысы да басым, тәжірибесі де көп бельгиялықтар айласын асырды.

Ал, Марокко құрамасы 2018 жылғы әлем чемпионатының финалистерімен тең ойнады. Бірақ, хорваттар көрсеткіш жағынан Марокко құрамасынан басым болды. Дегенмен, хорваттардың бұл ойынын жанкүйерлері күтпесе керек. Бірақ, жіберген қателіктерін түзеуге мүмкіндіктері бар.

G ТОБЫ

Бразилия құрамасы алғашқы ойында Сербия құрамасын 2:0 есебімен жеңді. Әлбетте, небір мықтылардан жасакталған құраманың да фаворит атануы тегін емес-ті. Әрі, топтық кезеңнен мүдірмей өтері сөзсіз.

Швейцариялықтар Камерун құрамасын 1:0 есебімен жеңді.

Көрсеткіштерге көз жүгіртсек, қос команда тең ойын көрсеткендей. Яғни, бір-біріне лайық қарсылас. Дегенмен, Швейцария құрамасының жігіттері шабуыл сәтінде қарсыластың ұрымтал тұсын тауып алған сыңайлы. Топтық кезеңнен екінші команда болып шығуға қос команданың мүмкіндігі де, қабілет-қарымы да жетіп тұр.

H ТОБЫ

Көпшілігінің көптен күткені Португалия мен Гана құрамасының ойыны десек, артық емес шығар. Бұл матчты әйгілі футболшы Криштиану Роналду үшін күтетіні сөзсіз. Себебі, 40-қа таяп қалған футболшының бұл соңғы әлем чемпионаты болар, кім білсін?! Ал, футболшы үшін жетістік – құрама командасымен әлем чемпионатын бағындыру. Бәлкім, осы жолы португалдық жігіттің жолы болар...

Португалия Гананы 3:2 есебімен жеңді. Бұл жерде ганалықтардың үздік ойын көрсеткенін айта кетуге болады. Қарсыластардың соққыларына төтеп беріп, жылдам жауап қайтарып отырды. Ганалықтардың жеңіске деген жігері осы матчта-ақ көрініп тұр.

Уругвайлықтар Оңтүстік Корея құрамасымен тең ойын көрсетті. Десек те, көрсеткіштер уругвайлықтардың басым болғанын айтады. Топтық кезеңнен кім шығып, кім қалатынын уақыт көрсетеді. Әзірге, бірінші айналымның қорытындысы осылай.

● ЖАҢА КІТАП

Газет пен гаджет жайлы құнды еңбек

Е.Бокетов атындағы Қарағанды университетінің филология факультетінде журналист-публицист, «Astana aqshamy» республикалық қоғамдық-саяси газетінің шеф-редакторы Төлен Тілеубайдың «Цифрлық жолайрық: Қазақстан газеттерінің бүгінгі мен ертеңі» атты кітабының таныстырылымы өтті. «Бас редакторлар клубы» қоғамдық бірлестігі мен университеттің журналистика кафедрасының қолдауымен өткен басқосуға Қарағандыдағы зиялы қауым өкілдері, БАҚ өкілдері, жоғары оқу орындарының оқытушылары мен студенттер және жалпы оқырман қауым қатысты.

Ерқанат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Таныстырылым шарасын бас-тап берген Журналистика кафедрасының меңгерушісі, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі Жанар Рамазанова бұл автордың үшінші кітабы екендігін айтып өтті. Университет түлегі кітаптарының барлығы дерлік оқу орнында оқытылады. Басқосу моде-

раторы ақпараттық технологиялар маманы, абайтанушы ғалым Сұлтан Ыбырай шараны пікірталас форматында өргітті.

«Бұл еңбекте бүгінгі масс-медиа саласындағы құбылыстар мен өзгерістерге талдау жасалып, заманауи цифрлық технологиялардың ақпараттық коммуникацияға ықпа-

лы жан-жақты зерттелген», – дейді кітап алғысөзін жазған Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, белгілі ғалым Заркын Тайшыбай.

Кітаптың жаңашылдығы мен құндылығының бірі – болашақтың медиа моделіне болжам жасалған. Заманауи цифрлық технологиялардың журналистің жеке басына,

қызметіне әсері нақты мысалдармен көрсетілген. Автор алдағы уақытта дәстүрлі журналистика мен цифрлық медианың бірін-бірі қалай толықтыратынын талдайды.

«Зерттеу барысында қазір онлайн-газеттер мен цифрлық медиа құралдарының ақпарат таратуда, оқырман қажеттілігін қа-

нағаттандыруда баспа БАҚ-тың алдына түсіп, жаңаша парадигма қалыптастырғанын анықтадық. Демек, баспа БАҚ өзінің форматын, мазмұнын, сапасын өзгертуі қажет», – дейді автор.

Кітапты баспаға әзірлеген: «Mazmundama» қоғамдық қоры. Таралымы – 1000 дана.



Шара барысында медиатанушыға Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, ақын Қойлыбай Асанов, айтыскер ақын Айтбай Жұмағұлов ізгі тілектерін білдірді. Дәстүрлі әннің дарабозы Ержан Базарбеков қос ішекті домбырасынан шашу шашты.

Сөз соңында автор шараның өтуіне ұйытқы болған ректор Нұрлан Дулатбеков бастаған университет басшылығына алғаусыз алғысын білдірді, Таныстырылым соңында Төлен Зәрубайұлы оқырмандарға қолтаңба қойылған кітаптарын табыстады.

Біздің сайт: www.ortalyq.kz

Таралымы 6 230

Электрондық пошта: ortalyk.kz@gmail.com

ortalyk.kaz@mail.ru

Жарнама бөлімі: ortalyk.reklama@mail.ru

Құрылтайшысы: облыс әкімдігі
МЕНШІК ИЕСІ:
«Saryarqa aqarat» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
Директор **Қайрат ӘБІЛДА**
Директордың орынбасары –
«Индустриальная Караганда» газетінің бас редакторы
Оксана МЯГКИХ
Директордың орынбасары
Гүлмира ЖҰМАДИЛДИНОВА
Бас редактор
Ерсін МЫСАБЕК
Бас редактордың орынбасары
Назым ДҮТБАЙ
Интернет-редакция редакторы
Ілияс МҰҚАЙ
Жауапты хатшы
Қасымхан ҒАЛЫМ

Телефондар:
Бас редактордың қабылдау бөлмесі: 43-38-53
Бас редактордың орынбасары: 43-57-76
Интернет-редакция редакторы: 43-38-33
Жауапты хатшы: 43-49-72
Экономика бөлімі: 43-31-77
Саясат және құқық бөлімі: 43-30-88
Білім, ақпарат және спорт бөлімі: 43-49-72
Әлеумет бөлімі: 43-49-72
Мәдениет, руханият, әдебиет бөлімі: 43-22-92
Интернет редакция бөлімі: 43-31-77

Жарнама, факс: 43-21-55; бухгалтерия: 43-49-74;
Компьютер орталығы: 43-58-08.
Меншікті тілшілер:
Ақтоғай, Шет, Балқаш,
Приозерск: 8-702-293-13-70
Қарқаралы, Нұра, Осакаров: 8-777-073-71-13
Теміртау, Саран, Шахтинск, Абай,
Бұқар жырау: 8-775-189-33-19

Газет жеткізілмесе 41-26-82, 43-57-88
телефонына хабарласыңыздар.

- Редакция 3 компьютерлік беттен асатын көлемдегі қолжазбаларды қарамайды.
- Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
- Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.
- Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
- Суреттер интернеттен, редакция архивінен алынды.
- Материалдың жариялану ақысы төленген. 
- Қолжазба мен фотосуреттер қайтарылмайды.



Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылғы 15 желтоқсанда № KZ18VPY00030163 күнәлігі берілді.

Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады. Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды қ., Әлімхан Ермеков көшесі, №33 үй.

«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ
Есеп-шот: kz50826MOKZTD2003131,
БИК KСJВKZKX БИН 000840001412

№132 тапсырыс. Индекс 65484
Офсеттік басылым. Көлемі 4 баспа табақ.

Бағасы келісім бойынша
«Типография Арко» ЖШС
баспаханасында басылды.
Қарағанды қ., Сатбаев к., 15.
Газеттің компьютерлік
орталығында теріліп, беттелген.

Кезекші редактор
Салтанат ІЛИЯШ